



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған кезекті Жолдауына жұртшылық айрықша назар аударып, ондағы айқындалған мақсаттар мен міндеттерді қызу талқылауда. Кеше Нұр-Сұлтан қаласының бірнеше мекемесінде Жолдау бағыттары талқыланды.

2-3-БЕТТЕРДЕ

№105  
(4074)  
Сенбі  
5 қыркүйек  
2020 жыл



# ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## ШАРАПАТЫ МОЛ ОРТАЛЫҚ

Нұр-Сұлтанда аз қамтылған отбасы балаларына арналған оқу орталығы ашылды. Бұл рәсімге қала әкімінің орынбасары Бақтияр Мәкен қатысты. Негізінен, «Bilim All» орталығы көпбалалы отбасындағы оқушыларды даярлауға арналған.

5-БЕТТЕ

■ ҚАЛА МЕН САЛА



САНИТАРЛЫҚ  
ТАЛАПТАР  
САҚТАЛМАҒАН

6-БЕТТЕ

■ ӘРІПТЕС ӘЛЕМІ



АТАҚТЫҢ  
БИГІ –  
АДАМГЕРШІЛІК

7-БЕТТЕ

■ РУХАНИЯТ



АСТАНА  
РУХЫ БІЗДІ  
ҚАНАТТАНДЫРДЫ

9-БЕТТЕ



Құрметті елордалықтар және қала қонақтары!

## 5-6 ҚЫРКҮЙЕК

күндері Алматы және Түркістан облыстарының диқандары елордаға 800 тонна ауылшаруашылық өнімдерін әкеледі. Аймақтар жәрмеңкесі «Хан Шатыр» ССО жанында өтеді. Келушілерге қатаң санитарлық-гигиеналық талаптар қойылады.

ВАЛЮТА  
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 499.5 \$ USD/KZT 420.5 ₸ RUB/KZT 5.67 ¥ CNY/KZT 59.5

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

## ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ ОЙ ӨРБИТТИ

Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауын талқылауға арналған «дөңгелек үстелге» қатысып, 11 бағыттан тұратын Жолдаудағы ең басты бағыт елдің әл-ауқатын жақсарту екенін, сондай-ақ бұл құжат өтпелі кезеңдегі ел дамуына жаңа серпін беретінін атап айтты.

Жиынға қоғам қайраткерлері, қаламгерлер мен ғалымдар, республикалық БАҚ жетекшілері қатысып, Мемлекет басшысының биылғы Жолдауында көрсетілген бағыттарды, айқындалған міндеттерді талқылап, ой-пікірлерімен бөлісті. Өңірлерден қатысушыларға ZOOM жүйесі арқылы мүмкіндік жасалды.

«Жолдау аясында ұйымдастырылатын шаралардың барлығы да қарапайым халықтың ертеңі үшін. Индет басталғалы еліміздің салт-дәстүрінде түрлі өзгерістер орын алды. Оның жақсы тұстары да, жаман тұстары да бар. Ең жақсы тұсы – біз осынау қиын-қыстау заманда бір ұлт болып қалыптасқанымызды көрсеттік. Қайырым-

дылық, бір-бірімізге деген бауырмалдылық, жомарттық деген үлкен қасиеттерімізді таныта білдік. Десе де индет кезінде ақпарат құралдарында қаншама түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатса да кей кезде тәртіпке бағынбайтын кездеріміз болды. Бұл ретте Президент өз Жолдауында Абай атамның кезінде айтып кеткен даналығын бүгінгі заманмен байланыстырып өткенін айта кету керек. Адам бойындағы теріс әдеттер, оның ішінде ысырапшылық, дарақылық, жауапсыздық, салмағы жоқ салт пен дәстүр. Бұл теріс қылықтардың барлығынан біз толықтай арыла қойған жоқпыз» деп атап өткен Аида Балаева ендігі мақсат халықтың сана-сезімін жаңғыртып, ұлттың жаңа

болмысын қалыптастыру екенін еске салды.

Министр Президент Жолдауында айтылған асыл қасиеттерді әрбір қазақстандық өз бойына сіңірген жағдайда мемлекетіміз жаңа деңгейге көтерілетінін, қоғамда жақсылыққа деген ұмтылыстың жандана түсетінін тілге тиек етті.

«Жолдауды іске асыруда көптеген міндет күтіп тұр. Осы мақсатта бүгін зиялы қауым өкілдерімен кездесіп, жұмысты қалай ұйымдастырамыз, қандай іс-шаралар қолданамыз және ақпарат жұмыстарының мазмұнын қалай өзгертеміз деген сұрақтарға жауап іздеп, талқыға салуды жөн көрдік» деді А.Балаева.



ның орынбасары Сәрсенбай Мыңбаев сөз сөйледі. Ол Мемлекет басшысы өзінің Жолдауында Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі басымдықтарын айқындап, нақты міндеттер қойып, Үкіметке, мемлекеттік және атқарушы органдарға оларды уақытында жүзеге асыруды тапсырғанын атап өтті. Кездесуде сөз сөйлеген ардагерлер Президенттің бұл Жолдауында елдегі жағдайға терең талдау жасағанын, кемшіліктер туралы ашық және нақты айтқанын, оларды жоюдың жолдарын көрсеткенін атап өтті. Ардагерлер Президенттің «экономика халықтың әл-ауқатын жақсарту үшін жұмыс істеуге міндетті» деген сөзін қолдайды.

Кездесуге қатысушылар Қазақстанның одан әрі әлеуметтік-экономикалық дамуы, Қазақстан азаматтарының құқықтары мен мүдделерін қорғау, білім

## БАСТАМАЛАР БАЙЛАМЫ

Нұр-Сұлтан қаласының Ардагерлер кеңесі ҚР Президентінің халықтың әл-ауқатын арттыру туралы бастамаларына қолдау білдірді.

Қалалық Ардагерлер кеңесі елордалық белсенділермен Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауының негізгі ережелері туралы пікірталас ұйымдастырды. Қатысушылар алдында қалалық Ардагерлер кеңесі төрағасы-

деңгейін көтеру, халық денсаулығын нығайту және қазақстандықтардың әл-ауқатын жақсарту бастамаларын қолдады.

Жиналыста сөз сөйлегендер аға буын өкілдеріне, тұрғындарға, әсіресе жастарға Президент Жолдауының басым бағыттарын жеткізу және елдің даму бағытын қолдау, сондай-ақ қоғамдағы бейбітшілік пен келісімді нығайтуға белсенді қатысу қажеттігін атап өтті.

## ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – ӘР АЗАМАТТЫҢ МІНДЕТІ



жүктелген үлкен міндет. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын іске асырудағы жобалық тәсіл – «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына сәйкес толық көлемде азаматтық қоғаммен өзара қарым-қатынастың жаңа мүмкіндіктерін ашты.

«Астана – адалдық алаңы» жобасы іске қосылғаннан бері елорда тұрғындарына қызмет көрсету сапасы айтарлықтай жақсарды. «Адалдық алаңы» жобалық кеңселері аудандық әкімдіктер мен орталық мемлекеттік органдарда тұрақты түрде жұмыс істейді. Үкіметтік емес сектордың, бизнес-қауымдастық пен азаматтық қоғам өкілдерінің, танымал қоғам қайраткерлері мен халықаралық ұйымдардың белсенді қолдауымен асырылған жоба бүгінгі таңда өз тиімділігін көрсетіп, азаматтардың тарапынан қолдауға ие.

Бұл орайда жұмысымызға қоғам мүшелерін тарту арқылы халықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін күшейту аса маңызды. Одан бөлек, қазір әкімшілік кедергілерді жою мен жемқорлық деңгейін төмендету жұмыстары шеңберінде де біраз жұмыстар атқарылып жатыр. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы негізінде күн сайын департаменттің Antikor ortalygy алаңында «Adal komek» жобасы аясында азаматтардың құқықтық санасын және мәдениетін көтеру мақсатында елордамыздың заңгерлері, мемлекеттік органдардың өкілдері, адвокаттар онлайн режимінде тегін заң көмегін беруде. Аталған

шара шеңберінде 90-нан аса тақырыптық тікелей эфирлер ұйымдастырылды. 30 тамыз – Конституция күні қарсаңында «Шапағат», «Аружан» сауда орындарында құқықтық көмек көрсетілді.

Президент мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектордың қоғам алдындағы ашықтығын және есептілігін қамтамасыз етуге жол ашатын «Қоғамдық бақылау туралы» заңды әзірлеп, қабылдауды тапсырды. Бір ғана мысал, пандемия кезінде қоғам өкілдері дәрілердің бағасына мониторинг жүргізіп, негізсіз қымбаттату фактілерінің алдын алды. «Астана – адалдық алаңы» жобасы аясында халықты ақпараттандыру және дәрі-дәрмектердің қымбаттауын болдырмау мақсатында QR код арқылы медициналық препараттардың бағаларын көрсететін брошюралар орнатылды. Департамент жанынан құрылған арнайы мониторинг топ, ақпараттық-ағартушылық штаб, «Адалдық алаңы» жоба менеджерлерінің атқаратын қызметі орасан зор. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жалғасатын болады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев баса айтқандай, өзіміз өмір сүріп отырған қоғамды барынша қолайлы әрі қауіпсіз ету – әрқайсымызға жүктелген міндет.

**Жазира ЖЫЛҚЫШИЕВА,**  
**ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаменті басшысының бірінші орынбасары**

## МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТІ ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛСЫН

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Парламент палаталарының бірлескен отырысындағы Жолдауы барлық саланы жан-жақты қамтитын бағдарламалық құжат болып саналады. Жолдауда Мемлекет басшысы денсаулық сақтау жүйесіне және медицина қызметкерлеріне үлкен көңіл бөліп, бұл пандемия мен дағдарыс кезеңінде ғана емес, ұзақ мерзімді кезеңде де осылай болатынын атап өтті.

Президент екінші жартыжылдықта медицина қызметкерлеріне сараланған еңбекақы төлеу және одан әрі жүйелі негізде қаражат бөлуі жалғастырып, осы жылдың соңына дейін 150 млрд теңге бөлуі тапсырды. Сондай-ақ Мемлекет басшысы медицина қызметкерлерінің жалақысы 2023 жылға қарай ел экономикасындағы орташа жалақыдан 2 есе көп болатынын атап өтті.

Алдағы жылдары республика өңірлерінде жаңа жұқпалы аурулар ауруханаларының құрылысын аяқтауды және денсаулық сақтау инфрақұрылымын жаңарту жайын атап өтті. Одан әрі Президент пандемия кезінде денсаулық сақтау жүйесінде эпидемиолог, реаниматолог, пульмонолог, кардиолог дәрігерлердің жетіспеушілігі байқалуына байланысты мамандар даярлау ісін күшейтуді тапсырды. Сондай-ақ отандық өндірушілер шығаратын дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдар көлемі ұлғайтылмақ.

Бастапқы медициналық санитарлық көмек жұмысын, әсіресе, оны ауылдық жерлерде дамытуды күшейту, халықтың тұруы мен географиялық ерекшеліктерін ескере отырып, денсаулық сақтау қызметтеріне қолжетімділікті арттыру, мобильді көлік медицинасын дамыту, цифрландыруды жақсарту керектігін айтты.

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін отандық фармөнеркәсіпті күшейту жайына да тоқталды. Қазақстанда осы жылдың соңына дейін 13 инфекциялық аурухана бой көтермек. Елордада және Алматы қалаларында 2 ірі заманауи медициналық кешен



салынбақ. Ауылдық елді мекендердің бәрін фельдшерлік акушерлік пункттермен және отбасылық амбулаториялармен қамтамасыз ету мәселесі де өзекті. Себебі қазіргі таңда әрбір алтыншы қазақстандық отбасы балалы бола алмай, бір перзентке зар болуда. Осыған орай, Үкіметке 2021 жылдан бастап «Аңсаған сәби» арнаулы бағдарламасын іске қосып, ЭКО-ға квотаны 7 есеге өсіру тапсырылды. Елдегі барлық медициналық ұйымдар қажетті медициналық жабдықтармен толық қамтамасыз етілуі тиіс.

Осындай жағдай жасап, елдің денсаулығын көтеруінің арқасында қазақстандықтардың орташа өмір сүру жасын 75-ке дейін арттыру көзделуде. Жоғарыда айтылғандардың бәрі денсаулық сақтау жүйесіне және қоғам дамуының өмірлік маңызды аспектілерінде медицина қызметкерлеріне үлкен күш береді.

**Мұхтар ТӨЛЕУТАЕВ,**  
**Нұр-Сұлтан қаласы көпсалалы медициналық орталығының директоры, Нұр-Сұлтан қалалық мәслихатының депутаты**



пен шағын кәсіпорын ашқысы келетін жеке тұлғалар арасындағы байланыс жүйесі жемқорлыққа апарып соқтыратын етіліп жасалған. Шағыны болсын, ортасы болсын, ірісі болсын, кәсіпорын біткеннің бәрі – мемлекет бюджеті қайнар көзінің бір бұлағы. Қазіргі таңда кәсіпорын ашқысы келетін жеке тұлға билікке кіріптар. Осы жерден барып жемқорлық гүлдейді.

Жок, атқарушы билік

## АУҚЫМДЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІ АЙҚЫНДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың кезекті Жолдауының қазақ тілінде басылған нұсқасын бүгін толық оқып шықтым.

Өте ауқымды мәселелерді жан-жақты, егжей-тегжейлі қамтыған тарихи құжат деп бағалаймын. Бір-ақ түйінін айтайын. Жемқорлық!

«Енді жемқорлыққа апаратын факторларды анықтау үшін мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектордың нормативтік актілері мен жұмыс үдерісіне жемқорлыққа қарсы күрес тұрғысынан арнайы талдау жүргізген жөн» деді Президент өз Жолдауында.

Осы жерде мен «жемқорлыққа апаратын факторларды анықтау» деген түйінге баса назар аударған жөн деп есептеймін.

Мысалы, атқарушы билік

немесе халыққа қызмет өтеу орталықтары, аттары айтып тұрғандай, кәсіпорын ашқысы келетін жеке тұлғаларға мүдделі болуы тиіс. Заң осылай құрылғанда ғана кәсіпорын қаулап көбейеді, қарыштап дамиды. Жемқорлықтың тамырына балта шабылады.

Президент Жолдауын іске асыру үшін мәселенің осы түйініне баса көңіл бөліп қана қоймай, барлық салаға қатысты заңнамаларды осы бағытқа қарай өзгерту керек! Еліміз сонда ғана бәсекеге қабілетті мемлекетке айналады. Президент Жолдауынан менің түйгенім – осы!

**Ауыт МҰҚИБЕК,**  
**ҚР Президенті**  
**жанындағы**  
**Ұлттық қоғамдық**  
**сенім**  
**кеңесінің мүшесі**



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауын жасады. Жолдауда азаматтардың құқықтары мен қауіпсіздігін барынша жоғары деңгейде қамтамасыз етуге көңіл бөлініп отыр.

Президент «Әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтың жаңа ұғымын қалыптастыру керек. Қоғамға және заң қауымдас-тығына құқық бұзушылық үшін жаза белгілеудің қисыны түсінікті болады» дей келіп, құқық қорғау және қажетті кеңестер ала алатын фронт-офистер құрды. Сондай-ақ жаңа қызмет – туристік полиция құрылды, оның басты міндеті – халық баратын мәдени нысандарда

## БАСТЫ ҚАҒИДАТ – «ЖҰРТҚА ЖАҚЫН ПОЛИЦИЯ» БОЛУ

органдарының қызметкерлерін адамдармен ашық диалог жүргізуге үйретудің маңыздылығын атап өтті. Бұл бағыт кадрларды даярлау және іріктеу жүйесінде басымдыққа ие болуы керек.

Біздің міндетіміз – күнделікті іс-шараларда азаматтардың өтініштері мен шағымдарын толық және сапалы қарауға ерекше назар аудару, сонда әрбір тұрғын полицияға жүгіне отырып, оның қорған болатынына сенімді болады.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы өз Жолдауында полиция институты бүкіл дамыған елде қызмет көрсетудің моделі негізінде дамып келе жатқанын баса айтты. Бүгінгі таңда сервистік модельге көшу шеңберінде Полиция департаменті кез келген азамат жүгіне алатын және қажетті кеңестер ала алатын фронт-офистер құрды. Сондай-ақ жаңа қызмет – туристік полиция құрылды, оның басты міндеті – халық баратын мәдени нысандарда

қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Сондай-ақ қызмет моделіне көшу тұрғысынан «Нұр-Сұлтан» полиция бөлімі ЖПІК және басқа да қызмет көрсету ұйымдарының өкілдерімен жұмыс кездесулерін өткізеді, бұл бізге халықпен кері байланыс орнатуға және бұзушылықтар туралы сигналдарға жедел жауап беруге және алдын алу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді.

Жолдауда «Жұртқа жақын полиция» қағидаты бойынша жергілікті полиция қызметінің мейлінше тұтас реформасын жасау қажеттігі пісіп-жетілді деген Президент осыған орай учаскелік инспектордың рөліне баса мән берілетінін айтты, мұнда басты рөл учаскелік инспекторға жүктеледі. Учаскелік инспектордың мәртебесін заңнамалық тұрғыдан көтеру, оған нәтижелі жұмыс жасау үшін барлық мүмкіндіктер жасау қажет. Ол азаматтарға танымал, қолжетімді, беделді және олардың құқықтарын

белсенді қорғауы керек. Ішкі істер министрлігі 2020 жылды учаскелік полиция инспекторларының жылы деп жариялады. Қазіргі уақытта елордада учаскелік полиция инспекторларының жұмысын нәтижелі де сапалы ету мақсатында барлық жағдайлар жасалды, материалдық-техникалық база едәуір нығайтылды.

Ішкі істер органдарының бірінші кезектегі міндеті – құқық бұзушылықтардың алдын алу, қылмыстардың себептері мен жағдайларын анықтау және олардың алдын алу шараларын қабылдау. Полиция бар күш-жігерін азаматтардың қауіпсіздігін сақтауға, пандемияның алдын алу іс-шараларын жүзеге асыруға, заңдылық пен тәртіпті нығайту жолында күндіз-түні жұмыс істеуде.

**Ержан СӘДЕНОВ,**  
**Нұр-Сұлтан қаласы**  
**Полиция департаментінің басшысы,**  
**генерал-майор**

## ЕЛ ТІРЕГІ – ОРТА БИЗНЕС

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында кәсіпкерлікті қолдау, оның ішінде орта бизнеске де ерекше назар аудару керектігін

баса айтты. «Өйткені нарықта табысты болудың негізгі көрсеткіші орта бизнестің өркендеуімен өлшенеді. Мұндай компаниялар ішкі нарыққа ғана емес, сыртқы нарыққа

да бейімделуге тиіс. Олардың экспорттық әлеуетін арттыру үшін қолдауды күшейту керек» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Шағын және орта бизнестің жалпы ішкі өнімдегі үлесі 2025 жылға қарай 35 пайызға дейін, ал жұмыспен қамтылғандардың саны 4 миллион адамға дейін көбеюі керек. Бұл осы саланы дамытуға бағытталған жұмыстардың басты нәтижесі болмақ» деп даму болашағымыздың көкжиегін көрсетті.

Бұл ойлар біздің компаниямызға да тікелей қатысты. Осы салада қалыптасып, 1998 жылдан бері, құрылған кезінен бастап осы күнге дейін тұтынушыларымыздың жайылығын арттыру мен әріптестік қарым-қатынастардың ұзаққа созылуын өзінің басты мақсаттарының қатарына қойып келеді.

Біз өз жолымызды жас астанамен бірге бастап, оның қазіргі әсем келбетіне өз үлесімізді қостық, біздің көптеген нысандарымыз танымал және астана үшін символға айналған. Біз осымен тоқтап қалмақ емеспіз, нарықтың даму үрдістеріне ілесіп және инновациялық технологияларды меңгере отырып, біз тапсырыс берушінің мүдделерін қанағаттандыратын үздік шешімдер мен жобаларды ұсынуға әрқашан дайынбыз. Металл-пластик терезелер мен есіктер, конструкциялар, қасбеттер витраждарының алюминий конструкциялардан



бастап, күрделі жарық мөлдір конструкцияларға дейін шығарып, біздің өнімдеріміз Қазақстанның көптеген қалаларында тұрып жатқан тұтынушылардың өмір сүру сапасын күн сайын жақсартып келеді.

Өз тапсырыс берушілерінің қажеттіліктерін тыңдау, түсіну және оларға тез бейімделу қабілеті, қызметкерлердің кәсіпқойлығы, жоғары технологиялық жабдық және шарттық міндеттемелерді қатаң сақтау сенімді серіктес беделін қамтамасыз етті, біз оны мақтан тұтамыз және ол біз үшін аса қымбат.

Осы ретте мемлекет тарапынан кәсіпкерлерге арналған жаңа жобалар біздің ісімізді де алға бастырып, алға озуымызда, ел экономикасының дәуірлеуіне жол ашады деп ойлаймын.

**Аман АЮПОВ,**  
**«Фирма «Алкон+» ЖШС**  
**директоры, Нұр-Сұлтан**  
**қалалық мәслихатының**  
**депутаты**

Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауы

### ШОБ-ты ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ:

**700 мың кәсіпкерге салық жеңілдіктері жасалды**

**ШОБ несиелерінің жылдық 6% мөлшерін мемлекет субсидиялайды**

**Ұлттық банк ШОБ-тың айналым қаражатын толықтыруды 2021 жылдың соңына дейін жалғастырады**

**Оған қосымша 200 млрд теңге бөлінеді**

**Нәтижесінде бағдарлама қаражаты 800 млрд теңгеге жетеді**

**ІЖӨ-дегі ШОБ үлесі**

**2025 жылы 25%-ға жетуге тиіс**

**Жұмыспен қамтылғандар 4 млн-ға жетуге тиіс**

### МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ «АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ БАСҚАРУШЫСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Астана» халықаралық қаржы орталығының (АХҚО) басқарушысы Қайрат Келімбетовтің есебін тыңдады.

Кездесуде Мемлекет басшысының биылғы 1 қыркүйекте Қазақстан халқына арнаған Жолдауын іске асыру және экономикалық өсімді қалпына келтіру мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы тікелей және портфельді инвестиция тарту жұмыстары кезінде өңірлік үйлестірудің маңызына ерекше тоқталды.

Қайрат Келімбетов Президентке Қаржы орталығының 2025 жылға дейінгі даму стратегиясына сәйкес АХҚО жұмысын жаңғырту жайын баяндады.

Кездесу қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев бірқатар нақты тапсырма берді.

### ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРІ НҰРЛАН НОҒАЕВТЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев министрліктің 7 айдағы жұмысының қорытындылары мен елдің отын-энергетика кешенін дамыту перспективалары туралы есебін тыңдады.

Нұрлан Ноғаев Мемлекет басшысына болашақта Теңіз кенішін кеңейту мен ернеулік қысымды басқару жөніндегі жобалардың жүзеге асырылуы туралы баяндады. Бұл жобалар 2022 жылдың соңына дейін мұнай өндірісін 12 млн тоннаға арттыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ Президентке 2025 жылға дейін мұнайгазхимия саласында жалпы соммасы 15 млрд АҚШ доллары болатын жобаларды жүзеге асыру жоспарланғаны туралы ақпарат берілді.

Нұрлан Ноғаев 1 қыркүйектен бастап саланы цифрландыру бағдарламасы аясында қазба байлықтарды пайдалану құқығы бойынша аукциондарды электронды форматта өткізу жоспарланып отырғанына тоқталды.

Кездесу қорытындысы бойынша Мемлекет басшысы энергетика саласын дамытуға қатысты бірқатар нақты тапсырма берді.

### ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРІН ҚАБЫЛДАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаевқа министрлік қызметінің қорытындылары, атап айтқанда, мәдениет, спорт, туризм, тіл саясаты, ономастика мәселелері, архивтер бойынша атқарылған жұмыстар жайында баяндалды. Сонымен қатар Мемлекет басшысының бұған дейін берген тапсырмаларының нәтижелері туралы есеп берілді.

Мәдениет және спорт министрі бұқаралық спортты дамыту жұмыстары қарқынды жүріп жатқанын атап өтіп, мәдениет қызметкерлерінің еңбекақысын көбейту мақсатында қолға алынған бастамалар туралы айтты. Қазірдің өзінде мәдениет қызметкерлерінің жалақысы жергілікті жерлерде 35%, ал республикалық деңгейде 50% артқан. Бұдан бөлек, министрліктің пандемия кезінде өткізген онлайн шаралары жөнінде де мәлімет берді.

Сонымен қатар Ақтоты Райымқұлова Президентке қазақстандық спортшылардың алдағы Олимпиада ойындарына дайындығы, жаңадан ашылғалы жатқан Туризм және меймандостық университетінің жұмысы жайында айтты.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауда айтылған басым бағыттарды тиісті деңгейде жүзеге асыруға, ел арасында бұқаралық спортты кеңінен насихаттап, оны одан әрі дамытуға қатысты нақты тапсырмалар берді. Сондай-ақ латын әліпбиін енгізу мәселесінде асығыстық жасамай, жұмысты ғалымдармен жан-жақты сараптай отырып жүргізу керек екенін атап өтті.

### ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ ДАМУ АГЕНТТІГІНІҢ ЕСЕБІН ТЫҢДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа қаржы нарығының биылғы дамуы жөнінде есеп берілді, Мемлекет басшысының бұған дейін берген тапсырмаларының орындалуы жөнінде баяндалды.


Мәдина Әбілқасымованың айтуынша, Мемлекет басшысының Жолдауын жүзеге асыру аясында агенттік Үкіметпен бірлесіп экономиканың зардап шеккен секторларына қолдау көрсетіледі. Атап айтқанда, «Бизнесің жол картасы-2025» бағдарламасы бойынша шағын және орта бизнес өкілдерінің алған қарыздарына жылына 6 пайыздық мөлшерлеменен субсидия беріледі.

Агенттік басшысы Президентке сақтандыру және бағалы қағаздар нарықтарын жетілдіруге бағытталған заңнамалық бастамалардың дайындалып жатқанын айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев агенттіктің жұмысын оң бағалап, қаржы нарығын одан әрі дамытуға қатысты бірқатар нақты тапсырма берді.

## ИНЖЕНЕРЛІК ЖЕЛІЛЕР ЦИФРЛАНДЫРЫЛАДЫ

Инженерлік желілерді цифрландыру жөндеу жұмыстарын уақытылы жүргізуге, қажет болған жағдайда қуатты ұлғайтуға мүмкіндік береді. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов өзінің Instagram парақшасында жазды.



«Елорда көшелері мен даңғылдарының астында мыңдаған шақырым инженерлік желілер жатыр. Олар: су, электр, кәріз, байланыс желілері. Қалалықтардың тұрмыс сапасы осы желілердің үздіксіз жұмыс істеуіне тікелей байланысты. Қазір желілерді цифрландырумен айналысып жатырмыз. Бұл жұмыстардың өзектілігі сол, қағаз жүзінде инженерлік желілердің орналасқан жері мен жай-күйі туралы мәліметтер әрдайым сәйкес келе бермейді. Осыған байланысты тұрғындар уақытша сусыз, электрсіз отыруға мәжбүр болған кезде апатты жағдайлар болып жатады. Цифрландыру барлық инженерлік желілерді ашық көруге мүмкіндік береді. Оларға түсетін салмақ пен ахуал анық көрінеді. Бұл жөндеу жұмыстарын уақытылы жүргізуге, қажет болған жағдайда

қуатты ұлғайтуға, тәуекелдерді азайтуға және жаңа нысандарды инженерлік желілерге қосу процесін жеңілдетуге мүмкіндік береді. Ғимараттарды салу кезінде ұзақ әрі маңызды процестердің бірі – инженерлік желілерге қосу. Сонымен қатар, ғимараттарды, жер учаскелерін цифрландырамыз (жер учаскелері мәселелері бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсету онлайн режимінде өтеді), бұл жер учаскелерінің игерілуін онлайн бақылауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ қаланың 3D моделін құру бойынша жұмыс істеп жатырмыз. Қазіргі уақытта қаланың 50 пайызы цифрландырылды. Геоақпараттық портал жатқан қала үшін маңызды. Әрі құрылыс процестерін болжауға және модельдеуге мүмкіндік береді.

Аудандарды мектептермен, балабақшалармен, ауруханалармен және басқа да маңызды объектілермен қамтамасыз ету қажеттілігі біркелкі бөлінетін болады.

Портал сондай-ақ бірнеше карта жасауға мүмкіндік береді. Мысалы, ТЖД қажеттіліктері үшін – қауіп-қатерлерді болжау карталары, кәсіпкерлер үшін – инвесткарта, ПИК (ОСИ) үшін – шартты, коммуникация желілерін жөндеу бойынша жұмыстарды жоспарлау және т. б. Бұл арқылы жердің астында не болып жатқанын көруге болады.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында «Цифрландыру – барлық реформалардың негізгі элементі» деп атап өтті. Цифрландыру процесі бақылауымызда тұр» деп жазды Алтай Көлгінов.

## 39 ҚЫЛМЫСТЫҚ ТОПТЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ ТОҚТАТЫЛДЫ

Қазақстанда 39 қылмыстық топтың заңсыз әрекеттері тоқтатылды. Бұл жөнінде Қаржы министрі Ерулан Жамаубаев мәлім етті.



«Соңғы жылдың ішінде 39 қылмыстық топ құрықталды. Сонымен қатар, алкогольдік өнімді заңсыз даярлау бойынша жасырын 50 цехтің қызметіне тосқауыл қойылды. 746 заңсыз ойын орны мен жалған ақша басып шығарған 5 цех жойылды» деп атап өтті министр Үкімет үйінде өткен баспасөз мәслихатында.

Осы орайда ол Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында бұл бағыттағы жұмыстар күшейтілетінін атап өтті. Сонымен қатар министр Экономикалық тергеу қызметі жұмысын қайта бағдарлауға қатысты түсінік берді.

### АСТАНАДАН АУЫЛҒА ДЕЙІН...

#### АЛМАТЫ

Алматы полициясының қоғамдық көмекшілеріне 10 миллион теңгеден аса көтермеақы берілді. Жалпы, Алматы қаласында полицияға көмек көрсететін 8 қоғамдық бірлестік бар, барлығы – 502 адам. Сонымен қатар, 8 аймақтық көмек көрсету штабы, 1 заңдылық пен тәртіпті қорғауға көмек беретін Алматы қалалық қауымдастығы, 3 студенттік құқық қорғау жасақтары атсалысып жатыр.

#### ШЫМКЕНТ

Қаладағы 2 ескі гүлзарда күрделі жөндеу жұмыстары аяқталып, нысан халық игілігіне пайдалануға берілді. Күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуші бас мердігер – «Шымкент жасыл қала» ЖШС компаниясы. Жалпы, 2279 шаршы метр аумаққа плиталық төсеніштер төселіп, 4670 шаршы метр жер көгалдандырылды. Сондай-ақ гүлзарларға жаңа үлгідегі жарықшамдар, ыңғайлы орындықтар мен қоқыс жәшіктері орнатылды.

#### АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

Ақмола облысында мектептерді қоғамдық бақылау тобы тексеруде. Білім күні қоғамдық бақылау тобының еріктілері Щучинск қаласындағы он екі мектептің сегізіне тексеріс жүргізді. Оның екеуі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқандықтан қазан айына дейін жабық. Қазіргі кезде өңірдегі білім беру орындарындағы санитарлық жағдай мектеп басшылығы мен жергілікті биліктің бақылауында.

#### АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

Ақтөбе қаласында 200 кереуеттік инфекциялық аурухана салынады. Қазір жобалау жұмысы қолға алынған. Жыл соңына дейін жобалық-сметалық құжаттары әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өтеді. Күзге дайындық жұмыстары барысында облыста инфекцияны емдеуге қосымша орындар, оның ішінде жансақтау кереуеттері жасақталып, қажетті медициналық құралдармен жабдықталып жатыр.

#### АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

Атырауда қоныс тойы тойланды. Бұған дейін апатты жағдайдағы «Достық-1», «Геолог» ықшам ауданындағы №65, 66 жатақханалардың, «Бірлік» ықшам ауданында орналасқан АТП-3 мекенжайының тұрғындары жаңа пәтерге ие болды. Сөйтіп, 200-ге жуық отбасы «Береке» ықшам ауданында бой көтерген жаңа тұрғын үйге қоныс аударды. Жаңа пәтерлер тұрғындардың жеке меншігіне беріледі.

**АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!**

Ербол СҰЛТАНОВ, елорда тұрғыны:

– Жасым 30-да. Жинақтаушы зейнетақы қорымда 2 млн 518 мың теңге ақшам бар. Мен осы жинағымның 50 пайызын ала аламын ба?

**Оқырман сауалына ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетовтің мәліметін ұсынамыз:**

– 30 жастағы азаматтардың бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында 2 млн 518 мың теңге ақша қалу керек. Ол –

тиісуге болмайтын қаражат. Тек шотындағы осы жинақтан артылған қаржыны ғана белгілі бір мақсатқа пайдалана алады. Себебі негізгі қағидат – біз зейнетақы жарналарымызды жай ғана таратып бермеуіміз керек. Ол – біздің болашақ зейнетақы еңбегіміз.

**САНСӨЙЛЕМ**

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БИЫЛ

**1200** ЖАС

«ЖАСЫЛ ЕЛ» СТУДЕНТТІК ҚҰРЫЛЫС ЖАСАҚТАРЫНДА ЖҰМЫС ІСТЕДІ.



**ЖАҒАН ЖАҒАЛЫҚТАРЫ**



**АҚШ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ҰЙЫМНАН ШЫҒАДЫ**

2021 жылы АҚШ Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымынан шығады. Бұл туралы елдің Мемлекеттік департаменті мәлімдеген. АҚШ президенті бұл ұйымнан шығатынын мәлімдеген кезде, ол сенім арта алатындай, лайық серіктестерді іздейтіндерін нақты жеткізді.

ДДҰ-дан 2021 жылдың 6 шілдесінен бастап шығуды ұйғарған. Президенттің мәлімдемесінен кейін АҚШ билігі бұған дейін ДДҰ айналысқан қызметті өз мойнына алатын серіктестерді іздемек.

**БАЛАЛАРҒА СЕРТИФИКАТ БЕРІЛДІ**

Елордада әлеуметтік осал топтағы балаларға меценаттық және қайырымдылық қаражат есебінен қолдау көрсетілді. Көпбалалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан бастауыш сыныпта оқитын алпыс оқушы дүкендерден кеңсе тауарларын сатып алуға сертификат алды.

Әрбір сертификат номиналы 10 мың теңге. Балаларға «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесі Nur Otan партиясының «Бірлік» филиалымен бірлесіп

көмек көрсетті. Мектеп оқушыларына материалдық көмекпен бірге рухани кездесу де ұйымдастырылды. Кездесуге меценат Жәкен Мансура, ҚР Прези-

денті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі Салтанат Тұрсынбекова да келді.

**ШАРАПАТЫ МОЛ ОРТАЛЫҚ**

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бақтияр Мәкен тұрғындардың әлеуметтік бастамаларын жүзеге асыру маңызды екенін атап өтіп, орталық жұмысының жұмысына сәттілік тіледі. Орталықта көпбалалы және қолдауға мұқтаж отбасыларда тәрбиеленетін балалар әртүрлі курстарға ақысыз қатыса алады. Орталықта күндізгі топтар, қазақ, орыс, ағылшын және араб тілдері, математика курстары, шахмат үйірмесі, өнер шеберханасы, гитара және домбыра сыныптары бар. Бұл сыныптарда барлығы 300-ге жуық бала оқи алады.

– Бірінші мақсатымыз – балаларға заман талабына сай қолжетімді білім беру. Біз ҚР Президентінің Жолдауын, атап айтқанда, қосымша білім беру аясын кеңейту туралы ұсынысын толығымен қолдаймыз. Бұл жұмыспен біздің орталық тікелей айналысады, – дейді орталық жетекшісі Райгүл Серікбаева.

Оқу орталығы Strong Mothers NS қоғамдық қоры мен Нұр-Сұлтан қалалық әкімдігінің қолдауымен ашылды. «Мұнда өте қызық. Мұғалімдер сабақты жақсы түсіндіреді» дейді 7-сынып оқушысы Фатима Шарапатова.



Айта кетейік, көпбалалы аналар ақысыз негізде компьютерлік сауаттылық бойынша қосымша курстардан өте алады. Қазіргі уақытта орталықта жиырмаға жуық ана білім алуда. «Өзім көпбалалы ана ретінде осында компьютерлік сауаттылығымды арттырып, біраз нәтижеге қол жеткіздім. Орталықты ашуға қолдау білдірген

әкімдікке, қоғамдық қор мүшелеріне алғыс айтамын» дейді Гүлмира есімді көпбалалы ана.

«Bilim All» орталығы Уәлиханов көшесі, 3 мекенжайында орналасқан. Қазір әр топта талапқа сай бес баладан оқуда. Баланы тіркеу үшін кеңсеге келіп, қажетті құжаттарды тапсыру керек.

**Нұр-Сұлтан қаласы тұрғындарының назарына!**

2020 жылғы 8 қыркүйекте сағат 16.00-де Нұр-Сұлтан қаласының мәслихатында «Zoom» бейнеконференцбайланыс платформасында, Facebook-те тікелей трансляциямен көпшілік тыңдаулары өтеді.

**Көпшілік тыңдаулардың қарауына**

келесі мәселе енгізіледі:

1. «Сауда, оның ішінде көтерме-бөлшек сауда, қоғамдық тамақтану, стационарлық және көшпелі сауда, базарлардың қызметі, қызмет көрсету және тұрмыстық қызмет көрсету саласы, меншік нысанына қарамастан және азық-түлікпен

қамтамасыз ету саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру туралы». Анықтама телефондары: 55-66-37, 55-66-31.

**М.ШАЙДАРОВ, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты хатшысының міндетін атқарушы**



**ТҮРКИЯДА «ЕКІНШІ ТОЛҚЫН» БАСТАЛДЫ**

Түркиядағы коронавирус пандемиясы екінші шыңына жетті. Өйткені инфекция жұқтырушылар саны күн сайын көбейіп келеді.

Министрдің мәліметтеріне сәйкес, сәрсенбде Түркияда КВИ жұқтырудың 1596 жаңа жағдайы тіркелді, бұл – 15 маусымнан бастап күн сайынғы ең үлкен өсім. Вирус жұқтырғандардың жалпы саны 273301-ге жетті, пандемия басталғаннан бері тәулігіне 45 адам қайтыс болды, барлығы – 6462 адам.

© Гүлжан АБАЙҚЫЗЫ

**ШЫҒ.ҚАЗ.ОБЛЫСЫ**

Археологтар Елеке сазынан 850 алтын бұйым тапты. Тарбағатай ауданындағы Елеке сазынан табылған құнды дүние сақ қоғамының билеушісіне тиесілі ат әбзелдері екен. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде табылған 850 алтын бұйымның барлығы салтанатты ат шеруіне арналған. Ғалымдардың бағамдауынша, қазына орта сақ дәуіріне тиесілі. Шамамен біздің заманымызға дейінгі V-IV ғасырлардың еншісіндегі жәдігерлер.

**ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ**

Өңірде 2025 жылға қарай инвестиция көлемін екі есеге арттыру жоспарлануда. Өңірде 13 мың жұмыс орнын құрумен 44 ірі инвестициялық жоба іске асырылуда. Шағын және орта бизнес саласында биыл 1700 кәсіпкерлік жобасы қолдауға ие болды. Болашақта облыс жоғары технологиялық, ғылымды қажетсінетін өндірістер мен техникалық қызметтердің орталығына айналады.

**СОЛ.ҚАЗ.ОБЛЫСЫ**

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің бастамасымен балалар арасында «Егер мен әкім болсам» атты шығармалар байқауы өтті. Оған 12-17 жас аралығындағы жасөспірімдер белсенді қатысты. Аталмыш тақырыпта жазылған шығармалар жергілікті ақпарат порталдарының бірінде жарияланып, дауыс беру арқылы бағаланды.

# БЮДЖЕТКЕ ҚАТЫСУДЫҢ БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев былтыр шілде айында өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында «халық атсалысатын бюджет» жобасын қалыптастыруды, яғни белгілі бір аймақ бюджетін әзірлегенде тұрғындардың пікірі мен сұранысына құлақ асуды тапсырды. Президенттік жастар кадр резервіне өткен азаматтармен кездесуінде осыны тағы еске салды. Осы апта басында ел халқына жолдаған «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында бұл жобаны дамытудың келесі кезеңіне өту керектігін атап өтті.

© Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Елорданың Сарыарқа ауданында «Бюджетке қатысу» жобасын жүзеге асыру өткен жылы басталып, табыстылығын көрсетті. Қала басшылығы тарапынан биыл бұл жобаны бас шаһардың барлық аудандарында қолға алуға тапсырма берілді. Осы бағытта Сарыарқа ауданы тағы алда келеді. Былтыр аталмыш ауданда жоба аясында 14 аула абаттандырылса, осы жылы 13 аула көркейтілді.

Кеше елордада қалалық қоғамдық кеңестің бастамасымен «Нұр-Сұлтан қаласында «Бюджетке қатысу» жобасын жүзеге асыру: жинақталған тәжірибе мен болашағы» атты «дөңгелек үстел» мәжілісі өтті. Бас қала аудандары әкімдіктерінің басшылығы, үкіметтік емес ұйымдар өкілдері, шаһар тұрғындары қатысқан жиында күн тәртібіндегі мәселе жан-жақты талқыланды.

Сарыарқа ауданының әкімі Ермали Егемберді жобаны іске асыруда аудан тәжірибесімен бөлісіп, осы жоба шеңберінде абаттандырылған аулалармен таныстырды.

– Аулаларды абаттандыру бойынша тұрғындардан ұсыныстар

жылдан-жылға көбейіп жатыр. Былтыр осындай 22 ұсыныс келіп түссе, биыл 68-ге жетті. Біз мүмкіндімізге, қаржының бөлінуіне қарай соның он үшін тандап алдық. Бұл істе ескеретін бір мәселе бар. Өткен бес жылда абаттандырылған аулаларды бұл жобаға қосуға болмайды. 2019 жылы біз мұны ескермедік. Осы жылы есепке алдық. Бірақ келесі кезеңде «Бюджетке қатысу» жобасы аясында аулаларды абаттандырумен шектелмеу керек деп есептеймін. Ендігі жылы халықтың тілегімен жолдарды орташа жөндеуге, аялдамаларды, бағдаршамдары орнатуға көшуіміз керек деп есептеймін. Істі аудандардың әкімдіктеріне ғана жүктемей, бұған қала басқармалары да атсалысуы қажет, – деді Е.Егемберді.

Қалалық қоғамдық кеңес төрағасы Сансызбай Есілов жобаларды жүзеге асыруда ашықтықты қамтамасыз ету керектігіне назар аударды. Оның пікірінше, мердігерлермен тікелей қарым-қатынасты да мейлінше азайту керек. Ол бұл бағытта цифрландыру жүйесін қолдануға болады деп есептейді. Әрине, әр істі басынан аяғына дейін бақылауға тұрғындар тартылуы қажет.



Өткен жылы Сарыарқа ауданында «Сити менеджер» жобасы да іске асырылды. Бұл жобаны оның жетекшісі Максим Николайчук таныстырды. Оның айтуынша, жоба әкімдік пен қарапайым халық арасында көпір орнатуға негізделген.

– Жобаны бастағанда тұрғындар тілектерін, ұсыныстарын жинақтап, аудан әкімдігіне жеткіздік. Сондай-ақ, халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргіздік. Мәселен, көп адам «Ашық әкімдік» платформасы барынан хабарсыз болды. Сондай адамдарға бұл алаң арқылы да әкімдікпен қарым-қатынас жүргізуге болатынын айттық. Яғни белгілі бір мәселені шешу үшін таныстарды салудың, ақша берудің қажетсіздігін түсіндірдік. «Бюджетке қатысу» жобасының жүзеге асырылуына да атсалыстық. Мұны бақылауда ұстадық. Рас, тұрғындар бұл жобаның жүзеге асатынына бастапқыда

сенбеді. Кейін бос сөз емес екендігіне көздері жетті, – деді М.Николайчук.

Қалалық қоғамдық кеңес «Бюджетке қатысу» жобасының жүзеге асырылуына мониторинг жүргізген. Соның қорытындыларымен кеңес мүшесі Алтынай Нұркеева таныстырды. Оның мәліметінше, әлемде бюджеттің ашықтығын есептеу индексі бар. Ол әр екі жыл сайын есептеледі. Бұл көрсеткіш бойынша Қазақстан кейінгі есептеуге сәйкес 58 ұпай алған. Екі жыл бұрын елімізде аталған индексте 53 ұпай болған еді.

– Біз «Бюджетке қатысу» жобасы қалай жүзеге асырылып жатқанын білу үшін аудандардың әкімдіктеріне сұраныс хат жібердік. Алматы ауданында 14 жобадан биыл 2 жоба ғана іске асырылып жатыр. Қаржыландыру жағынан еш жерде ақпарат жарияланбаған. Байқоңыр ауданында да осындай жағдай. Есіл

ауданында 8 жоба қолға алынған. Тиісті ақпарат әкімдік сайтында жарияланған. Бірақ оны табу қиын. Өтініштерді қабылдау мерзімі 24 сәуір–1 мамыр деп көрсетілген. Яғни өте аз уақыт берілген. Сарыарқа ауданы 13 жобаны жүзеге асыруға 200 миллион теңге бөлінгенін көрсетті. Әкімдік сайтында бұл туралы жан-жақты ақпарат орналастырылған. Бірақ «Бюджетке қатысу» жобасы бойынша қала тұрғындары білуі тиіс ақпараттың әлі де аздығы байқалады, – деді А.Нұркеева.

Қоғамдық кеңес мүшесі Марат Мұстафин шеткі аймақтарды абаттандыруға назар аударды. Бұл істе «Жастар» шағын ауданын көркейту ісін мысал ретінде келтірді. Оның айтуынша, осы маңайдың тұрғындары өте белсенді. Соңғы жылдары шағын ауданда атқарылған жұмыстардың арқасында аумақ танымастай болып өзгерді.

## «ШАПАҒАТ» БАЗАРЫНДА САНИТАРЛЫҚ ТАЛАПТАР САҚТАЛМАҒАН

Елордада карантин талаптарын сақтау үшін құрылған арнайы топ «Шапағат» базарына тексеру жүргізді.

Байқоңыр ауданы Тауарлар мен көрсетілетін қызметтер сапасын бақылау басқармасының бөлім басшысы Асыл Сералының айтуынша, жабық базарлардың жұмысына бірнеше талап қойылады. Қаланың бас санитар дәрігерінің қаулысымен жабық азық-түлік және өзге де базарлар жұмыс күндері бұл базарлар жабылып, тек таза ауадағы жәрмеңкелердің жұмысына рұқсат берілген. Сауда, ойын-сауық орталықтары да күнделікті 10:00–22:00 аралығында жұмыс істеп, демалыс күндері жабылуы тиіс.

«Жабық базарлардың кіреберісінде дене қызуын өлшейтін қызметкер тұруы қажет, олар дене қызуы жоғары адамды кіргізеуі керек. Сол жерде келушілерге қолжетімді санитайзер тұруы қажет, мұндай санитайзерлер әрбір 50 метр сайын орнатылуы керек. Әрбір 2–3 сағат сайын арнайы ерітіндімен тазалануы тиіс. Сатушылар маска, қолғап тәрізді қорғаныс құралдарын пайдалануы қажет. Өзі мен келушілер үшін антисептик қоюы қажет. Әр клиенттен кейін қолын өңдеп, әр 2 сағат сайын жұмыс

орнын дезинфекциялық ерітіндімен тазалауы тиіс. Келушілер де маска тағып, әлеуметтік арақашықтық сақтауға міндетті» деп түсіндірді Асыл Сералы.

Әкімшілік құқық бұзу туралы кодекстің 425-бабына сәйкес, санитарлық-эпидемиологиялық заңнама талаптары мен гигиеналық нормативтерді бұзғаны үшін жеке тұлғаларға – 30 АЕК, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – 230 АЕК, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 310 АЕК, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 1600 АЕК мөлшерінде айыппұл көзделген. Спикердің айтуынша, қазіргі уақытта Нұр-Сұлтан қаласы бойынша карантин режимін сақтамаған (маска тақпау, қашықтық сақтамау, халықтың көп жиналуы және т.б.) жеке және заңды тұлғаларға 414 айыппұл салынған.

«Шапағат» базары бойынша да тексерушілер бірнеше олқылықты анықтады. «Әлеуметтік қашықтық сақтау үшін еденге белгілер сызылмаған. Сатушылар мен келушілер маска тағу режимін бұзып отыр. Бір кіреберісте температура тексеру жүргізіліп жатқан жоқ. Санитайзерлер де 50 метр сайын орнатылып, халыққа қолжетімді болуы тиіс.



Базардың бір залында санитайзер көрінбеді. Бұл олқылықтар бойынша Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекстің 425-бабына сәйкес шара қабылдаймыз» деді Асыл Сералы.

«Сатушыларға айыппұл салына ма?» деген сұраққа басқарма өкілі бірінші кезекте базар әкімшілігі жауапқа тартылатынын айтты.

«Мұнда базар әкімшілігі барлық жағдайды бақылау қажет. Кіреберісте, зал ішіндегі күзет қызметі ескерту жасап, халықтың топтасуына жол бермеуі керек. Қажет болса,

сатушылармен барлық талапты сақтау бойынша инструктаж өткізуі керек» деп түсіндірді А.Сералы. Өз кезегінде базар әкімшілігі айтылған ескертулермен келіспейтінін, барлық талапты сақтауға тырысып жатқанын жеткізді.

«Барлық келушілерді тексеріп, маскамен ғана кіргізіп жатырмыз. Кей адамдардың масканың иегіне түсіп кеткен, бірақ біз әр адамның масканын түзеп жүре алмаймыз ғой. Кіреберістерде дезинфекциялық кілемшелер орнатылған. Әр 2 сағат сайын өңдеу жұмыстарын жүргіземіз.

Тексерушілер 2-қабатқа көтерілген жоқ, онда бутиктер жұмыс істейді. Әр бутиктің алдында санитайзер тұр, 2–3 адамнан артық қызмет көрсетпейміз деген хабарлама ілінген. Еденге салынған белгілер адам көп жүргендіктен өшіп кетеді. Бұл сынды ескереміз. Санитайзерлер де орнында тұр. Жалпы шолу жасағандықтан, тексерушілер көрмей қалуы да мүмкін. Талап етілген барлық қағиданы сақтауға тырысып жатырмыз. Иә, кейде адам толуы мүмкін, бірақ ол үшін айыппұл салу қажет деп есептеймін. Ескерту берсе де, сол олқылықтарды түзетер едік» дейді «Шапағат» базарының әкімшісі Сәуле Ыдырысова.

Сонымен қатар әкімші базардың карантинде қандай шығынға ұшырағанын айтты. «Әр сенбі-жексенбі сайын базарымыз жабылады. Жалға алушыларымыз бір жарым ай бойы үйінде отырды. Бұл аралық үшін олардан арендалық төлем алған жоқпыз. Бізде де осындай шығындар бар» дейді Сәуле Ыдырысова.

Айта кетейік, 1 қыркүйекте Нұр-Сұлтан қаласының бас мемлекеттік санитар дәрігері А.Шағалтаеваның карантин шараларын кезең-кезеңмен жеңілдету туралы жаңа қаулысы жарияланды.

**Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ**

**Қытайдың ойшылы Конфуцийдің: «Адамгершілігі барлар басқаларға тірек болады, басқаларға жетістіктерге жетуге көмектеседі, өзі де сол жетістікке жетуді қалайды» деген ғибратты сөзі бар. Елдің еңсесінің түспеуіне өздерінің биік адамгершілігі, табандылығы әрі алмас қылыштай әділдігімен керемет әсер ететін маңдайы даладай жазық, жүрегі сол даладай кең нар тұлғалы азаматтар қашанда болған. Солардың арасында орны бөлек Әкім Ысқақтай адал қызметі кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық абзал азамат тал түске баланған алпысқа абырой биігінде жетіп отыр.**



білімді, ізетті, адамгершілік қасиеттері мол ұрпақ өсіру жолында тер төгіп, Әбдіқайымдай әкесінің ізгілікті кәсібін жалғастырған ата салтына адал перзент, жүздеген шәкірт тәрбиелеген тамаша ұстаз екендігін дәлелдеді.

Зангер ретіндегі қызметі де қиындыққа төзімділік пен шыдамдылықтың, еңбекқорлық пен ізденгіштіктің ғажайып үлгісі бола алды деуге толық негіз бар. Осыдан ширек

Асқаралы деген ақ орданың алдына кеп өзінің атын байлаған Әкім Ысқақтың бекзаттық болмысын, салдық сымбатын, есімі маған беймәлім ақынның мына бір өлең шумақтары толық ашып тұрғандай:

Жүрегіңде бір кішкентай  
күн барда,  
Болысасың миллиондарға,  
мыңдарға,  
Жүріп өткен жолдарыңа өкінбе,  
Өкінсең де жылдам өткен  
жылдарға.  
Сенің жолың жырлы жол да,  
мұңды жол,  
Жалт қаратпай қойған емес  
кімді де ол.

Шапқан аттай арындасаң, аяулым,  
Сенен алар кейінгіге үлгі мол.

Иә, жақсы адамдардың өмірі – ұрпаққа өнеге. «Көңіл аудар даналардың сөзіне, адал жаңды өнеге тұт өзің» деп Жүсіп Баласағұн дана айтқандай, бүкіл өмірі үлгі болған жақсының жақсы ісін айту, оны өмірге өнеге ету парызымыз. Өйткені қазақ азаматтарының парасаты мен шапағаты, намысы мен пайымы, мейірімділігі мен қайырымдылығы зор болып келсе, ұл-қызымыз ұлағатты болып, ұлтымыздың маңдайына шаң тимейді. Сондай-ақ адам баласын алға жетелейтін де, елі мен жұртына кеңінен сыйлы етіп төрге шығаратын да адал еңбек екенін есте ұстаған абзал. Өтемің ешкімнен дәмәтпей-ақ, маңдай теріңді сорғалатып жүріп жұмыс жасасаң, атақ пен абырой түптің түбінде сені өзі іздеп табады. Адал еңбек егер жанның бақыттың биігіне көтерілетініне Әкім Ысқақтың өмір жолы анық дәлел.

Ұлттық рух нәзік, оның терең жұмбақ сырын ұлттың перзенті жас кезінен сіңіреді. Әкімнің балдаурен балалық шағы ел жүрегі, жер кіндігі Ордасының етегінде өтті. Қазақтың үш жүзінің игі жақсыларының басы қосылып, жоңғар басқыншылығына қарсы күреске халықты жұмылдырған сол киелі тауға қарап бой түзеген ұл рухани келбеті ақыл мен біліміне сай, сөзі мен ісі үйлесімді, төзім мен сабырға келісті пішілген, дархан жүректі, тазалыққа жаны құмар, достыққа адал, сыйластықтың қадірін қастерлей білетін азамат болып ержетті, қазақ халқының тарихи, мәдени және рухани көрікті жерінде намыстың отын жақты, жүрекке жігер, бойға қуат алды. Жалт етпе жастық дәуреннің ең бір елеулі де, қалаулы тұсы осы болар, бәлкім.

«Терең теңіз тартылмайды, терең білім сарқылмайды» деген тәмсілге ден қойған Әкім алдымен Шымкент педагогика институтының физика факультетін, ал кейінірек Алматы мемлекеттік университетінің заң факультетін бітіреді. Ең алғашқы мамандығын ұстаздыққа арнауы Әкім үшін кездейсоқ шешім еместігі түсінікті жайт. Өйткені ананың сүтімен өрілген, әкенің мейіріммен берілген тамыры терең тәрбие оның қанында, оның жанында. Осылайша текті жердің тебінде, көргендінің көрігінде өскен ұл талай бұлақтың көзін ашты, арнасын кеңейтті. Сөйтіп, түріктің ойшылы Мәулана Румидің: «Әділдік дегеніміз не? Үлге су құю. Жауыздық дегеніміз не? Тікенге су құю» дегеніндей, иманды, тәрбиелі,

тұңғыш қазақ тілінде, әрі Үкіметке баламалы түрде жазылған «Халықтың көші-қоны туралы» заңның авторы ретінде Әкім Ысқақтың аты тарихта мәңгіге сақталып қалды. Заңның миллиондаған қандастарымыздың елімізге оралуына септігі мол болғаны да анық. Сонымен бірге депутат Әкім қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту, ана тілімізді мемлекеттік тіл ретіндегі заңды тұғырына қондыру, шетелдіктердің асырауына берілген қарақөз балаларымыздың мәселелерін көтеріп, оң шешу бағытында аянбай еңбек етті. Жаны жайсаң азаматтың кімнің болса да тез тілін тауып, араласқан адамның баурап алатыны, өзгенің шаттығына ортақтаса отыра өзініңкінен де бетер қуанатыны тағы бар. Жалпы, қайбір отырыстың да қосын келтіретін тапқыр әзілімен, жібек мінезімен, жайдары көңілімен ол дүйім елдің қалаулы адамына айналды. Міне, осыдан соң: «Адам

жасампаздық қабілетімен әдемі» деп бекер айтылмағанын мойындауға тура келеді.

Бір сөзбен айтқанда, кемел ойдың, кестелі тілдің иесі жұрттың жанына нұрлы сөзбен нәр беріп, ұрпақ санасын саралап, халқымыздың дана даралығын танытып, ұлттық келбетін сақтап қалуға, рухын шыңдауға белсенді атсалысып жүрген зиялылардың бірегейі. Негізі табиғи тума дарын, ерекше қасиет пен қабілет –

ауыр – сыны мен сырғын, қуанышы мен мұңын қатар өрбітіп отыратын өрімтал ақынның өлеңдерін оқып отырып, өмірдің өзінде күрделі – кең дүниенің құшағына еніп кеткендей боласың. Халық жазушысы Мұзафар Әлімбаевтың: «Әміршіге ел «Хан ием» деген, ал ақынға ел «Әулием» деген» нақыл сөзімен ақындықтың киелілігін қастерлеуі бекер болмаса керек.

Иә, ақындық – Алланың адамға берген үлкен сыйы. Сондай-ақ әр

мен санасының қалыптасуына, ел үшін еңбек ететін жастарды тәрбиелеуге, дұрыс бағытқа салуға игі әсер етері сөзсіз. Қазір атап айтқанда, Әкімнің «Абзалдық әліппесі» атты кітабы бірқатар университеттер мен мектептерде пән ретінде оқытылуда. Сонымен қатар, пәлсапалық тәлім-тәрбиеге негізделген «Жүректегі жазулар», «Адам іздеп жүрмін» атты эссе-кітаптары, «Көңіл қымбат», «Досыма» атты ән-альбомдары, «Жүректегі жазулар» атты DVD жинағы тәрізді өзге де көптеген шығармалары ұлттық рух пен ұлттық сананың кемелденуіне жол ашып отыр.

Өз кезегінде, ел үшін тер төгіп жүрген жанкешті еңбегі орынды бағасын алуда. Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты. Сондай-ақ ол жоғары үкімет наградаларымен – «Ерен еңбегі үшін», «Астанаға 10 жыл», «Қазақстан Республикасы Парламентіне 10 жыл», «Астана» медальдарымен, Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Құрмет грамотасымен марапатталды. Моңғолияның «Шыңғысхан» медалінің иесі аталды және Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі деп танылды.

Дегенмен ең басты марапаты және оның үлкен бақыты – жерлестерінің, туыстары мен жақындарының сүйіспеншілігі. Әкім Әбдіқайымұлы Ысқақ – Түркістан облысындағы Ордасы ауданының Құрметті азаматы. Шаңырағы қашанда көпшіл, бұл үйдің қазанын оттан түспеген, есігінің алдынан қонақ кетпеген үй. «Сәлу үйдің түтіні де түзу» осыларға қаратып айтылғандай. «Адам ұрпағымен бақытты» дейді дана халқымыз. Жан жары Ұлжан екеуі – бүгінде ұл-қыздарын жеткізіп, немерелер сүйіп отырған бақытты отбасы.

## ҚАЛАМГЕРДІ ҚАБЫЛДАДЫ



**Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов қайраткер-қаламгер Әкім Ысқақты қабылдап, асқаралы 60 жасымен құттықтады.**

«Қазақ журналистикасы мен әдебиетіндегі орныңыз – бір төбе болса, тәуелсіз еліміздің қалыптасу тарихы мен бүгінгі жетістігіне сіңірген еңбегіңіз – бір төбе. Сіздің өмір жолыңыз бен атқарған еңбегіңіз жас буын үшін – үлгі-өнеге. Халықтың қалаулысы болып, заң шығарушы органда істеген жылдарыңызда еліміздің демографиялық ахуалына оң ықпал еткен көші-қон туралы Заңның қабылдануына үлес қосқаныңызды қоғам әрдайым

жоғары бағалайды. Қазақстан Парламентаризмі тарихындағы бұл ерекше Заң Елбасымыз жаңа елордамызда алғаш болып қол қойған құжат ретінде де тарихта қалды» деп атап өтті А. Көлгінов.

Айта кетейік, Әкім Ысқақ еңбек жолын орта мектеп мұғалімінен бастап, кейіннен «Лениншіл жас» газетінің меншікті тілшісі болды. Жергілікті мемлекеттік органдарда қызмет етті. 1996-1999 жылдары ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, 1999-2004 жылдары ҚР Президенті Әкімшілігінің ұйымдастыру-бақылау бөлімінің мемлекеттік инспекторы, ҚР Президентінің ҚР Парламентіндегі өкілдігінің бас инспекторы қызметтерін атқарған. Қазір ҚР Парламенті Сенатының аппаратында еңбек етеді. Қаламгер ретінде 30-ға жуық еңбек жазған.

адам – өз өмірінің суретшісі. Бұл жөнінде Әкім өзінің «Ой – шырағдан» атты кітабының алғысөзінде былай дейді: «Менің өмірім мен дәптерім егіз сияқты. Жанымның асыл қазынасы – сыр сандығымдағы ойларымның оюлы өрнектері – мен кешкен сан түрлі көңіл-күйдің, сергек сезімдердің, толғанған сәттердің куәсі. Оны жоғалтсам, өзімді жоғалтып алатындай күй кешем.

Көрікті ой – жүрек пен ақыл нұрынан жаралатын рухыңның шырақшысы. Ол өміріңе жарық сыйлайды, жаныңа жылу береді, тіршілік мәнін ұқтырып, санаңа сәулесін төгеді. Өлшеулі ғана ғұмырлымда рухымыздың шырағы өшпесе екен!».

Әлбетте, Әкімнің өмірге көзқарасы шығармаларының өзегінен ақиқаттың ақ шұғыласы болып шашылып тұр. Ал мұның өзі, түптеп келгенде, қазақтың жаңа замандағы ақыл-ойы

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын-сазгер, қоғам қайраткері Әкім Ысқақ өзінің алпыс атты ауылына кірген сәтінде нағыз бабында. Бұл өмірдің соқтықпалы, соқпақсыз асуларында көптің бірі болмай, көп жасында аға болуға тап-тұйнақтай әзір. Олай болса, Әкімге табысыңыз да, шабысыңыз да ешуақытта баяуламасын, өрге өрлей беріңіз дей келе, мақаланы сөз басында келтірілген өлеңнің соңғы шумағымен түйіндегенді жөн санап отырмын:

Қиуларда алда шапқан қарақөк,  
Жүрегіңде мейірімді бір  
жанады от.  
Алпыстан да, жетпістен де,  
сексеннен  
Жанған оттай, жарға  
соқпай аман өт.

**Кенжеболат ЖОЛДЫБАЙ,  
саясаттанушы**

2010 жыл елді елең еткізген оқиғаларға толы болды. Осы жылы Қазақстан, Беларусь Республикалары және Ресей Федерациясы бірігіп Кедендік Одақ құрды, еліміз посткеңестік мемлекеттерінің арасында бірінші болып ЕҚЫҰ-ға төрағалық етті. Елордада Түркі елдерінің құрылтайы өтті. Экономикадағы айтулы жаңалық – 2010-2014 жылдарға арналған Үдемелі индустриалдық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Мұның бәрі «Астана ақшамы» газетінің сол жылғы нөмірлерінде көрініс тапты.

### ЖОЛАУШЫЛАР МҮДДЕСІ ҮШІН

Дегенмен, астананың жаңа жылы ғаламдық ауқымдағы мәселелерден емес, қала тұрғындарының тұрмысы үшін маңызды жолаушыларды қоғамдық тасымалдау ісіндегі өзгерістерден басталды. Жұрт шырша мерекесін тойлап болып, енді үйреншікті күнделікті күйкі тірліктеріне кіріскенде, қалада автобустар кестесінің ауысып кеткенін көрді. Бұл жүргізушілер мен кондукторлардың еңбек-ақысын төлеудің жаңа жүйесі енгізілуіне байланысты болатын.

– Әкім қоғамдық көліктің жұмысын түбегейлі жақсарту туралы тапсырма берді. Ол тек қоғамдық тасымалдау саласын жаңа техникамен жабдықтау және жұмыс сипатын жаңа сатыға көтеру ғана емес, бұл оның бәрінің жиынтығы, соның ішінде басқару жүйесін өзгерту де бар. Егер бұған дейін жүргізушілер жеке кәсіпкер ретінде тіркелсе, енді олар кәсіпорынның штатына кірді. Тұрақты жалақы, сыйлықақы алатын болды, толық әлеуметтік пакетпен, шипажайлық-курорттық ем-шаралармен қамтамасыз етіледі, зейнетақы қорына төлем аударуға міндеттелді, – деді Астана қаласы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы бастығының орынбасары Талғат Ардан.

### КЕДЕН ОДАҒЫ

Кедендік одақ құру туралы үш ел алғаш рет 1995 жылы қол қойған болатын. Сәл кейінірек оларға Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан қосылды. 2007 жылы Бірыңғай кедендік аумақты қалыптастыру құру және Кедендік одақты қалыптастыру туралы келісімді бекітті. 2009 жылы мемлекет және үкімет басшылары деңгейінде Кедендік Одақтың негізін құрайтын 40 шақты халықаралық құжат қабылданды және ратификацияланды.

2020 жылдың 1 қаңтарында бірыңғай кедендік тариф, 2020 жылдың 1 шілдесінде Бірыңғай

кедендік кодекс күшіне енді. Жалпы, Кедендік Одақ жүйесін шаралар үздіксіз жүргізіліп жатты. Осы жайттардың бәрі газет беттерінен оқиға өрбуіне қарай әрдайым кезең-кезеңімен көрініс тауып отырды.

### ИНДУСТРИАЛДЫҚ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ

Осы жылы 2010-2014 жылдарға арналған Үдемелі индустриалдық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Соның аясында тек алғашқы жылдың өзінде жалпы сомасы 3,9 трлн тг болатын 51 жобаны жүзеге асыру жоспарланған болатын. Бұл жобалар бойынша олардың нысандарының құрылыс жұмыстарында 100 мыңнан астам адам еңбекпен қамтылады деп топшыланды.

Сөйте тұра, министрліктерден, ұлттық холдингтерден, облыстық және қалалық әкімдіктерден алынған ақпарат негізіне сүйене отырып, елімізде жыл соңында дейін 134 жобаны аяқтауға мүмкіндік бар екені анықталды. ҚР Индустрия және сауда министрлігі осындай мәлімде жасайды. Министрліктің мәліметінде бұл жобаларға жалпы сомасы 800 млрд тг салынғаны айтылады. Егер биыл 134 жоба жүзеге асырылатын болса, жаңадан 17 мың жұмыс орны ашылмақшы. Газеттің кезекті нөмірінде Үдемелі индустриалдық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасына осындай оптимистік баға берілген.

### ҚАЗАҚСТАН – ЕҚЫҰ ТӨРАҒАСЫ

Бұл – бүгінгі қазақ тарихында сөзсіз өте зор оқиға. Ол – республиканың халықаралық саясаттағы рөлінің артып келе жатқандығының куәсі. ЕҚЫҰ Тұрақты кеңесінің Венада өткен инаугурациялық отырысында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Ұйымның төрағалық қызметінде жетекшілікке алатын негізгі 4

ұранды мәлім етті. Газеттің кезекті санында Елбасының Венадағы кездесуіндегі сөйлеген сөзі толық жарияланған.

Біздің еліміздің ЕҚЫҰ-да төрағалық етудегі ұраны: Сенім, Дәстүр, Ашықтық және Төзімділік. Сенім – бұл халықаралық қатынастардағы негізгі ресурс. Елдер арасындағы өзара сенімділік қатынастар мен тұрақты диалог ұжымдық қауіпсіздіктің архитектуралық қаңқасы ретінде қызмет етеді. Дәстүр – Қазақстанның ЕҚЫҰ іргелі принциптері мен құндылықтарына деген шынайы берілгендігін айқындап тұр. Ашықтық – мейлінше жариялықты, «қосарланған стандарттар» мен «бөлініс желісінің» жоқтығын білдіреді. Төзімділік – бұл мәдениеттер және өркениеттер арасындағы диалогтың маңыздылығын көрсетеді.

### МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арналған кезекті Жолдауында мемлекеттік бюджетке құйылатын кепілдендірілген трансферт 8 млрд АҚШ долларына дейін өсетіні айтылған. Аталған трансферт отандық экономиканы индустриаландыру бағдарламаларына бағытталмақшы. Соның арқасында шағын және орта бизнестің еліміздің жалпы ішкі өніміндегі үлесі 2020 жылы 40 пайызды құрайтын болады.

Отандық экономиканы жеделдетіп әртараптандыру арқылы өңдеу өнеркәсібінің ЖІӨ үлесі 13 пайызды құрауы тиіс. Жалпы тауар көлемінде сыртқы нарыққа жөнелтілетін шикізаттық емес экспорттың үлесі 45 пайыздан кем болмауы керек. Ресми дерек бойынша бүгінде ол 27 пайыз мөлшерінде екен.

Әлбетте, ел экономикасын ин-

# 2010

новациялық жаңашылдықтарсыз дамыту мүмкін емес. Технологиясы ескірген және энергияны көп тұтынатын өндіріске ешбір инвестордың және капиталистік басқару принциптеріне құрылған ешбір мемлекеттің ақша салмайтыны белгілі. Ал уақыт талабына сай және ғаламдық өндіріс стандарттарына жауап беретін «ақылды жобалар» қолға алынса, ол басқа мәселе!

Бұл осындай 10 жыл бұрын жасалған болжам еді. Әлбетте, әлемді дендеген індет отандық экономиканың дамуына да кесірін көп тигізді, осыған байланысты қазіргі жағдайды көзіқарақты оқырман өзі бағамдай жатар. Біз тек газетте сол күндері берілген деректі ғана назарларыңызға ұсынып отырмыз.

### АСТАНАДА – «ЖЕР САҒАТЫ»

Ағымдағы жылдың 30 наурызы күні жергілікті уақыт бойынша сағат 20.30-да елордадағы 80-ге тарта үкіметтік мекемелер мен ғимараттар 1 сағатқа жарықты өшіріп қойды. Сөйтіп, «Жер сағаты» халықаралық акциясына қолдау білдірді. Адамзат тарихындағы ең ауқымды шараға әлемнің 100-ден астам астаналары мен 1000-нан астам ірі қалалар қатысты. Бұл шара экология және ғаламдық климаттың жылыну мәселелеріне адам баласының назарын аудару үшін жасалды.

Бір сәтке әлемдегі ең биік құрылыс – Дубайдың «Бурж Халифа» үйінің, Тайваньдағы зәулім ғимарат «Тайпей-101»-дің, Париждегі Эйфель мұнарасының жарығы өшті. Астанада «Бәйтерек», Президент резиденциясы «Ақорда», Жоғарғы Соттың және Тәуелсіздік сарайы ғимараттары, «Қазақ елі» монументі, «Думан» ойын-сауық орталығы, тағы көптеген нысандар тоқ көзінен ажыратылды.

### ТҮБІ БІР ТҮРКІЛЕР!

Газеттің 27 мамыр күнгі нөмірінде Астанада Түркі елдерінің құрылтайы өткені туралы көлемді мақала шыққан. Түркия Президенті Абдолла Гүл құрыл-

тайда Қазақстанның Орталық Азиядағы көшбасшылық рөлін айта келіп, біздің мемлекетті өңірдегі ең маңызды туыс ел деп атады. Сондай-ақ қазақ мемлекетінің ЕҚЫҰ-на төрағалық етуіне жоғары баға беріп, Ұйым басшылары Саммитін Астанада өткізу туралы бастамасына қолдау көрсететінін білдірді. Естеріңізге сала кетейік, бұған дейінгі саммит 11 жыл бұрын Стамбұлда өткен болатын.

### ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ

Шығыс пен Батысты үздіксіз және бір құрылық жолымен жалғайтын, Орта Азияның өмірлік ең маңызды көлік күретамырын осылай атаған асыра айтқандық емес. Міне, сондықтан да болар, бұл күнде Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» ғаламдық инфрақұрылымдық жобасына әлемнің назары ауып отыр.

Қазақ жері әлемнің бір бөлігі ғана емес, сонымен қатар халықаралық қатынас жолдарының сан тарамдалған желісін құрайтын ғаламдық интеграциялық жүйенің маңызды учаскесі болып табылады. Алайда оған қарамастан, әлемдік заманауи көлік жүйесі өзінің сапасы мен параметрлері бойынша біртекті емес, ол жалпы әлемдік даму принциптері мен шарттарына байланысты шешім қабылдауда айтарлықтай қиындықтар туғызады.

Дамыған елдердің көлік жүйесі ғаламдық көлік желісінің 78 пайызын және жүк айналымының 74 пайызын құрайды. Сол себепті Еуропа мен Азияны құрлықтық дәліз арқылы жалғап тұрған Қазақстан өзінің көлік магистралін жетілдіруге мүдделі. Бұл еліміздің шикізаттық экономикадан транзиттік әлеуетке көшуі үшін маңызды. Ол халқымыздың әл-ауқатын арттыруға ықпал ететін болады. Осыдан мың жыл бұрын ата-бабамыз керуен ізін салған Ұлы Жібек Жолын жаңғырту тек Қазақстан үшін ғана емес, тұтас Еуразия құрылымы үшін маңызды.

© Дайындаған Дәулет АСАУОВ





# АСТАНА РУХЫ БІЗДІ ҚАНАТТАНДЫРДЫ

Биыл елорданың үні мен айнасына айналған «Астана ақшамы» газетінің жарыққа шыққанына отыз жыл толып отыр. Тарихтың ұшар биігінен қарасақ, отыз жыл деген қас-қағым уақыт. Бірақ осы жылдар ішінде астананың бас басылымына айналған газеттің өзі жүріп өткен жолы, тарихы, тағылымы бар. Біз осы орайда 1998-2000-шы жылдары «Астана ақшамының» бас редакторы болған, белгілі журналист Жұмагүл Саухатпен кездесіп, газет шежіресіне бірге үңілген едік.

**– Жұмагүл Берденқызы, сіз бұрын облыстық басылымда, телеарнада қызмет істеп, журналистика саласының қыр-сырын жетік меңгердіңіз. Бірақ «Астана ақшамына» бас редактор болып келгенде алдыңызда қандай қиындықтар тұрды?**

– Шынымды айтсам, мен редактор боламын деп ойлаған жоқпын. Мен сол тоқсаныншы жылдардың аяқ кезінде облыстық телеарнада «Толған-ай» деген әйелдерге арналған тележурнал ашып, соны жүргізіп жүргем. Бұл бағдарламада, негізінен, әйелдердің проблемасы қозғалды. Әсіресе, ауылда күн-түн қатып еңбек етіп жүрген замандастарымыз туралы жиірек сөз еттік. Содан да болар, бағдарлама көрермендер арасында үлкен қолдауға ие болды. Одан кейін әйелдер мәселесін кеңірек қаузап жүргеннен кейін қалада Мұсылман әйелдер лигасын құрып, оған қызмет істеп жүрген азаматшаларды тарттым. Осы лига аясында көптеген қайырымды іс-шаралар өткіздік. Осы жұмыстармен жүргенде, «қала әкімі сізді іздеп жатыр, тезірек жетсін» деген хабар келді. Ол кезде Ақмола қаласының әкімі Әділбек Жақсыбеков. Ұмытпасам, 1998 жылдың 6 қаңтары. Әділбек Рыскелдіұлы жылы қарсы алып, мәселеге бірден көшті. «Біздің қалалық газетке редактор қажет. Алданға айтып көріп едім, ол кісі бола алмаймын деді. Алайда ол кісімен жұмыс істеу маған оңайырақ еді. Сіз енді оған қалай қарайсыз?» деді. Мен шошып кеттім. Сосын: «Мен ол газетке бара алмаймын» дедім. «Неге?» деп ойланым қарады. Біріншіден, ол газеттің жағдайын жақсы білемін. Оған қомақты қаржы бөлінбейді. Қаржы болмағаннан кейін кадр жоқ. Білікті маман ақшаға келеді. Қазіргі әріптестерім газетті барымен шығарып отыр» деп жауап бердім. Қала басшысы: «Сізге қандай көмек қажет?» деді. Үш талабымды айттым. Бірінші, еркіндік бересіз, екінші, кадр мәселесін өзім шешемін. Конкурс жариялап, журналистерді бір ай сынақ мерзіммен аламын. Үшінші, қаржы мен көлік керек» дедім. Сосын ол: Жақсы, кадр мәселесін өзіңіз шешіңіз. Қаржы да, көлік те болады» деп сөзін қысқа қайырып, орынбасары Ахметолла Шәкіровке редакцияға ертіп апарып, орнына отырғызыңыз» деді. Сөйтіп, газетке басшылыққа келіп, жұмысымды бастадым. Сол жылы 26 наурызда қалалық мәслихаттың шешімімен бұрын «Ақмола ақиқаты» болып шығып

келген газет «Ақмола ақшамы» болып өзгерді.

**– Сонымен кадр мәселесін қалай шештіңіз?**

– Бұл мәселені бірден шешу оңай болған жоқ. Енді газетке ойы ұшқыр, қаламы жүйрік журналистерді тарту үшін жан-жаққа хабар жібердім. Бірде белгілі журналист Мұратбек Тоқтағазин: «Менің Талдықорғанда тұратын Талғат Батырхан деген досым бар. Жазуы да жақсы, мінезі де байыпты жігіт, соны аласыз ба?» деп айтып қалды. «Шақыр, жұмысқа алам» дедім. Бұрын Талғаттың мақалаларын газет-журналдан оқып жүретінмін. Бір күні Талдықорғаннан Талғат келді. Оны бірден сынақсыз жұмысқа қабылдадым. Содан кейін Сағат Ошақбаев, Аманкелді Қиясты алдым. Бұрыннан осы газетте істеп келе жатқан Өріс Яшүкірқызы бөлім меңгерушісі болып қалды. Оқ пен оттың ортасынан келген Ғалым Қожабековті бір сөзге келмей алып қалдым. Оралдан – Таңатар Төлеуғалиев, Атыраудан – Темірхан Рамазанов, Жезқазғаннан Айтқадыр Тілеуов келді. Одан соң газетке белгілі журналист Жанболат Аупбаевтың келуіне Әлібек Асқаров пен Сауытбек Абдрахманов себепкер болды. Олар: «Жанболаттың астанаға келгісі келіп жүр, оған қалай қарайсыз?» деді. «Жанболатқа екі қолымды көтеремін, ол кісі келсе бірінші орынбасарым болады» дедім. Жанболат келгеннен кейін газеттің жұмысы одан әрі жандана түсті. Жанболат Ерғазы Әсембектің келуіне себепші болды. Шығыстан желдей жортып Бекен Қайрат келіп орналасты.

Сонымен ұжымға сайдың тасындай жігіттер жиналды. Шын мәнінде, Жанболат маған Алланың берген сыйы секілді болды. Ер-азамат ретінде оған салмақ та саласың, өтініш те айта аласың. Обалы нешік, ол газетке жан-тәнімен еңбек етті. Өзі де қанағатшыл, адал адам. Талғат Батырхан да сондай адал, тәубасы бар азамат. Екеуі де ешнәрсемен санаспай жұмыс істеді. Бірде Жәкең мен Тәкеңге: «Бұл жерде екеуіңнен асатын жұмыс жоқ. Мен қаржы табу мен газеттің таралымын көбейтумен айналысамын» деп екеуіне толық сенім білдіріп, газеттің таралымын көбейтуге күш салдым. Қаладағы жоғары оқу орындары мен колледждер, мектеп, мемлекеттік мекемелерге газеттің әрбір нөмірінен 50 дана алуға хат жаздым. Бұл жұмысқа журналистер де аябай үлес қосты. Олар да әрбір

мекемемен байланыс орнатып, таралымды біраз көбейтті. Жанболат Аупбаев «Егемен Қазақстанға» ауысқаннан кейін, бірінші орынбасар болып, Алматыдан белгілі жазушы Дидахмет Әшімханұлы келді. Дидахмет газетте көп істеген жоқ, бірақ сол 5-6 ай ішінде өз қолтаңбасын өшпестей қалдырды.

**– Сол жылдары басылымда қандай өткір мақалалар жарыққа шықты?**

– Ақмола енді ғана елорда болып жатыр. Әлі де кешегі кеңестік кезеңнен қалған атаулар өзгере қойған жоқ. Әйтеуір, соларды біздің журналистер қалам ұшымен біраз түйреп, сынға алды. Одан кейін құрылыс жұмыстары қарқын алып, ірі компаниялар келе бастады. Сол кезде түрлі әлеуметтік мәселелер туындады. Дәл осы шақта Таңатар Төлеуғалиевтің «Гүлжанға сенсек, Тұранбиден түңілесіз» деген мақаласы жарқ ете қалды. Гүлжан есімді жас келіншек ауылдан астанаға жұмыс істеуге келіп, түріктердің құрылыс компаниясына құрылысшы болып орналасады. Соған аталған мекемеде жұмыс істейтін түрік, өзі бригадир Тұранби деген азамат тиісіп, ақыры Гүлжанды жұмыстан шығарып жібереді. Сөйтіп, Гүлжан біздің редакцияға осы мәселе бойынша көмек сұрап келді. Таңатардың мақаласы шыққаннан кейін құрылыс компаниясының өкілдері біраз тулап, бізге қарсылық көрсетті. Бірақ біздің мақаланы «Хабар» арнасының журналистері де іліп әкетті. Мақаланы қалалық әкімдіктің лауазымды тұлғалары да оқып, олар да қолдады. Ақыры, Тұранбиді жұмыстан босатып, елден қуып жіберді. Бұл жерде Таңатар Төлеуғалиевтің еңбегін ерекше айтқан жөн. Одан кейін журналист Өріс Яшүкірқызының «Баған басында жанған жігіт» деген мақаласы да қоғамда кәдімгідей сілкініс туғызды. Бізге бұл оқиға туралы бас кейіпкердің қарындасы шарасы қалмағандықтан шағынды. Оқиға бас инженердің жауапсыздығынан болған. Бұл мәселе де оңтайлы шешілді. Темірхан Рамазановтың «Отыз үйдің ойбайы» деген мақаласы да оқырмандарды дүр сілкіндірді. Ойымда қалған дүниелер осылар болып тұр. Әйтпесе, басылымда жарыққа шыққан өткір, елдің ынтасын оятқан мақалаларды біраз келтіруге болады.

**– Газет қарымды журналистермен ғана емес, салмақты авторларымен де**



Жұмагүл САУХАТ, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:

**бағалы. Өзіңіз басылымды басқарған жылдары газетке жиі жазып, жанашыр болған авторларды айтып өтесіз бе?**

– Әрине, дұрыс айтасыз. Авторсыз газеттің беделі мен бедерін елестету мүмкін емес. Біз қолдан келгенімізше, басылымның абыройы мен танымалдылығын көтеру үшін зерделі, айтары бар авторлардың ұсынған дүниелерін үзбей беруге тырыстық. Осы бағытта бізге жанашыр болған, қабырғалы қаламгер, ғалым Сауытбек Абдрахмановты бөлекше айтар едім. Ол кісі газеттен «Сұхбат» деген айдар ашып, онда елге ғана емес, әлемге танымал азаматтарды сөйлетті. Әсіресе, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың біздің басылымға берген «Бұл кітап – менің перзенттік парызымның бір өтеуі» деген сұхбаты газет беделін биікке көтерді. Елбасы сұхбатының соңына «Астана ақшамына» жылы лебізін білдірген. Бұл күнді тарихи күн деп бағалаймын. Одан кейін астанаға қонақ болып келген, әйгілі актер, Михаил Ульянов, күміс көмей әнші Нұржамал Үсенбаева, елордалық пушкинтанушы Валентина Кириллова секілді аузы дуалы дарынды тұлғалармен жүргізген сұхбаттарын оқырмандар қызығып оқыды. Белгілі жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Алдан Смайылдың Ақмоланың тарихын тереңнен тартып жазған танымдық мақалалары да «ақшамның» абыройын айшықтатты.

**– Қазір кезінде өзіңіз басқарған сүйікті газетіңізді оқисыз ба, сонда нені байқайсыз?**

– Мен «Астана ақшамында» үш жылдан аса бас редактор

болып еңбек еттім. Шындығында, астаналық биік талғам, ой тереңдігі, жазу мәнерлігіндегі парасаттылық пен мәдениет айлап емес, жылдап та емес, өмір бойы қалыптастады. Сол жылдары елорданың бас басылымының аз ғана уақытта еңсесін көтерген әріптестерімді мен қатардағы қаламгер ғана емес, астананың талантты қаламгерлері десем артық айтпас едім. Астаналық рух бізді қанаттандырды. Біздің ұжым бір үйдің баласындай тату-тәтті еңбек етті. Қазір сол күндерді жиі есіме алып отырамын. Өзіммен бірге қызмет істеген қыз-жігіттерге ұзақ ғұмыр тілеймін. Ал газетті мүмкіндігінше оқып тұрамын. Қазір саналы адамды толғандыратын проблема өте көп. Ұлттық құндылықтар өзгеріп, адам бойынан мейірімділік, адамгершілік секілді қасиеттер азайып барады. Әсіресе, обал-сауап пен ұят мәселесі алаңдатады. Осыны қазақ журналистері барынша жазып, көтеріп жүр. «Астана ақшамы» Нұртөре Жүсіп, Амантай Шәріп, Ерболат Камен басқарған жылдары газет өз тақырыбы мен бағытын қайта тауып, жандана түсті. Өз оқырманы бар басылымға айналды. Қазір де осы бет-бейнесінен өзгерген жоқ. Оны басылым бетінде шыққан мақалалардан көреміз. Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынов: «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деп бекер айтпаған. «Астана ақшамы» да ұлт ұстазы айтқан мұраттан айнымай, оқырмандарының ыстық ықыласына бөлене берсін. Барлық әріптестерімді басылым мерейтойымен құттықтаймын!

**– Әңгімеңізге рақмет! Сұхбаттасқан Азамат ЕСЕНЖОЛ**

# БАСТАПҚЫ КӨМЕККЕ БЕТБҰРЫС

Бастапқы медициналық санитарлық көмек – кез келген медицинаның негізі. Мықты БМСК бар денсаулық сақтау жүйесі анағұрлым тиімді саналады, әрі соның арқасында көп шығынға батпай-ақ халық денсаулығының жақсы көрсеткішіне қол жеткізуге болатыны бұрыннан дәлелденген. Кешегі Жолдауда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың үкімет алдына алғашқы дәрігерлік көмекті ұйымдастыру тәсілдерін түбегейлі қайта қарау міндетін қоюы да тектен текке емес. «Бұл қызмет қалың жұртшылық, әсіресе ауыл тұрғындары үшін мейлінше жедел, әрі қолжетімді болуға тиіс» деді ол.

© Райхан РАХМЕТОВА

БМСК халықты тіркеумен айналысатын емханалар мен клиникалар тарапынан көрсетіледі. Бұл көмек учаскелік терапевт, педиатр, жалпы практика дәрігері, фельдшер, тіркелген емханадағы медбике сынды мамандар қызметінен тұрады. Оған профилактикалық екпелер мен скринингтер, жүкті әйелдер мен бір жасқа дейінгі балаларды дәрігерлік бақылау, созылмалы аурулар мен әлеуметтік маңызы бар – онкология, туберкулез, ВИЧ, психикалық ауруларды динамикалық бақылау сынды медициналық қызмет түрлері жатады.


Мемлекет басшысы тарапынан Жолдауда БМСК қызметіне бұлай назар аударылуы әсіресе, пандемия кезінде аталған салада бұған дейін қордаланып қалған мәселелердің жалаңаштанып қалуымен де байланысты деуге болады. Бүгінде елордада халыққа қызмет көрсететін 31 емхана бар, соның 16-сы – мемлекеттік, қалғандары – жекеменшік мекемелер. Тұрғындар тарапынан келетін түрлі шағымдар бойынша тексеру жүргізетін «Адалдық алаңы» жобасы аясында биыл сондай емханалардың біріне қатысты шағым түскен болатын. Сонда айтылған сағаттап кезек күту, дәрігерлердің жиі ауысуы, мамандар қабылдауына жазылу үшін тіркеу бөліміне хабарласа алмау, дәрігерлердің ауыр науқасқа шақырту бойынша келмеуі, карантиндік шаралардың сақталмауы, тегін препараттардың берілмеуі сияқты мәселелер еліміздегі көптеген емдеу орындарына тән жағдай екені жасырын емес. Оған қоса елордаға қоныс аударушылардың саны жыл сайын артуымен байланысты емханалардағы әр учаскелік дәрігерге түсетін жүктеме де көбейген. Мәселен, 50 мың адамға қызмет көрсетуі тиіс №10 қалалық емханада қазіргі таңда 80 мыңға жуық тұрғын тіркеуде тұр. Бұл – қала көлеміндегі жүктемесі ең көп емхана.

«Ұзын-сонар кезектің болуы халықтың шектен тыс көптігімен байланысты болып отыр. Тағы бір себебі – кей адамдардың дәрігер қабылдауына алдын ала жазылып келгісі келмейтіндігінде. Өйткені

алдын ала жазылса 2-3 күн тосуына тура келеді. Сондықтан осылай аяқтай кезекке тұрып, тез кіріп шығамыз деп ойлайды. Ал алдын ала жазылып, ретімен кірер болса, мұндай кезек мәселесі туындамас еді. Шұбатылған кезекті халықтың өзі жасап отыр. Осы тұрғыда біздің тарапымыздан айына, аптасына барлық мемлекеттік емханаларға тексеру жүргізіледі» дейді Нұр-Сұлтан қаласы қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы стационарлық көмекті ұйымдастыру бөлімінің басшысы Гүлфайруз Ысқақова.

Елорда емханаларында алдын ала жазылу бойынша дәрігерге қабылдау тәсілі жылда жаңартылады. Дегенмен тұрғындар үшін мұның алдындағысы қолайлы еді, оған уақытыңыз көп кетпейді, кезек күтіп жүйкеңізді жұқартпайсыз. Ал қазір ауырып қалғанда керек еткен кей маманыңыз тек 1-2 айдан соң қабылдауы мүмкін деген жауап алу көбейді дейді тұрғындар. Мәселен, невропатолог, стоматолог және т.б. сияқты дәрігерлерді айлап күтуге тура келеді. Бұл денсаулық сақтау жүйесіндегі өзіндік тәсіл ме, әлде тағы да сол мамандар тапшылығынан туындаған мәселе ме? Амал жоқ осыдан кейін дертті адам мемлекеттің тегін көмегінен күдер үзіп, жеке меншік емхана жағалап кетеді.

«Менің білетінім, стоматологияға қаралу, тіс дәрігерінің алдын көру тым ұзақ процес. Қызымның тісін қазу үшін алдын ала жазылып, медбикеден әлі хабар күтіп жүрмін. Одан басқа тағы бір ыңғайсыз нәрсе – өзім тіркелген үй жанындағы емхананың бізді басқа емханаға жіберуі. Баламен жүрген әйелге де, жасы үлкен адамға да басқа алыс емханаға бару оңай емес. Сондықтан барлық қызметтер үй жанындағы өз емханамызда көрсетілсе дейсің. Бар шаруамызды бір жерден бітірген қолайлы емес пе? Сондықтан балаларымды ауырғанда өзім емдеп алуға, мүмкіндігінше дәрігерлерге бармауға тырысамын. Олардың қызметіне тек анализ тапсыру, тіс емдету керек болғанда ғана жүгінемін. Анализ тапсырғаннан кейін де оның нәтижесін ұзақ күтеміз» дейді елордалық тұрғын Нұрилла. Тұрғындар «Даму мед» қосымшасының да тиімділігін жоққа шығарады.



Себебі онымен де мамандарға жазылу функциясы көбіне жабық тұратын көрінеді. Сонда бұл қосымшаны не үшін іске қосқан? Көпшілік соны түсінбейді.

Халықтың көңіліне келетін тағы бір мәселе – не дәрігер, не медбикенің ана мен бала денсаулығына қатысты скринингтер мен түрлі жоспарлы тексерулерді қашан өтуі керек туралы өздері соғып айтып отырмайтындығы.

«Балаларым тіркелген қазіргі емханаға көңілім толмайды. Бұрынғы №6 емхана қызметі күшті еді. Ал №9 емханада дәрігерлер балаға екпін қай кезде салу керек, қашан баруымыз қажет, сол жағынан тіпті хабары да, шаруасы да жоқ. Баланың жағдайын да сұрамайды. Сосын графиктері өзгере береді, тұрақсыз. Невропатолог маманға болса, айлап күтетін болғанын ақылы қызметке барамыз. Оны қашанғы күтіп отырамыз. Одан бөлек жаңадан нәрестелі болғандарға тегін сүт беру немесе тегін массаж қызметі туралы ақпараттарды мамандар көп айта бермейді, дұрыстап насихаттамайды. Көптеген аналар сондай мәліметтерді білмей қалып жатады» дейді тағы бір тұрғын Әсемгүл.

ҚР ДСМ медициналық көмекті ұйымдастыру департаментінің амбулаториялық емханалық және жедел медициналық көмек басқармасының басшысы Салтанат Салықбаеваның айтуынша, дәрігер қабылдауына алдын ала жазылатындар негізінен жоспарлы ем алатындар, ал жағдайы тым ауыр болып, шұғыл көмек керек етсе, әрине, науқас жедел жәрдем шақыртуы керек. Ал жағдайы қиын болғанмен емханаға келе алатындай жағдайда болса, ешқандай кезексіз және алдын ала жазылусыз фильтр кабинетке келіп, кезекші дәрігерге қарала алады. Пандемия

кезінде пайда болған тағы бір қаралу түрі – онлайн жазылып, онлайн қабылдау арқылы да дәрігер көмегін алуға болады.

Тұрғындармен тілдескенде олардың айтар шағымы жетерлік, біз сөз еткен мәселелер – солардың ең өзектілері. Бұған қарсы медицина қызметкерлерінің уәжі де жоқ емес. Дегенмен «Халық айтса, қалып айтпайды» демекші, елдің көргенін, бәріміз де байқап жүргендіктен, көпке топырақ шаша алмаймыз. Мәселенің бәрі кадр тапшылығы, жүктеменің көптігі, жалақының төмендігі, жүйенің дұрыс еместігіне келіп тіреледі десек те, антына адалдығын, мамандығына сүйіспеншілігін сақтай алатындар заманы түлкі болса да, тазы болып шала қоймас еді. Осы мәселелерді реттеп, халықтың жүрегінде ақ халатты абзал жандарға, еліміздің медицинасына деген сенімді нығайту үшін мемлекет деңгейінде көңіл бөлініп, оның Жолдау арқылы бекітіліп жатқаны қуантады.

«Өз басым медицина қызметкерлері үшін ерекше қуандым. Кешегі жолдау барысында ақ халатты абзал жандарға тағы бір мәрте айрықша алғыс айтылды. Еселі еңбектері үшін үстемалы ретінде 150 миллиард теңге бөлінетін болды. Енді екі жылда жалақылары екі есеге көбейеді. Ең бастысы, мақтанып айтатын мәртебесі жоғары мамандыққа айналу да. Тұтас әлемді аяғынан тік тұрғызған пандемия 2-5 жылға созылады деп болжанды. Демек, өткеннен сабақ алып, алдағы қатерлерге дайын болуымыз қажет. Ауылдағы алаңдаған ағайынның да мәселесі ұмыт қалмады. Барлық елді мекендер фельдшерлік-акушерлік пунктпен және отбасылық амбулаториямен қамтылады. Жалақы мен мәртебеге айрықша мән берілуде. Енді саладағы

сапаны барынша арттыру міндеті тұр. Ол да уақыт талабы екені даусыз» деді әлеуметтік желідегі парақшасында пікір білдірген ҚР ДСМ ресми өкілі Бағдат Қожахметов.

ҚР Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой алғашқы дәрігерлік көмекті ұйымдастыру тәсілдерін түбегейлі қайта қарау тапсырмасына сәйкес аталған министрлік тарапынан 2023 жылға дейін сәйкесінше жоспар әзірленетінін жеткізді. Ал Нұр-Сұлтан қалалық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Тимур Мұратовтың айтуынша, елордада БМСК-ті дамыту және нығайту бойынша жұмыстар қазірден-ақ басталып кетті. Себебі бастапқы медициналық санитарлық көмек – дені сау қоғам қалыптастыруға бастайтын ең бірінші қадам. Оның қызметі неғұрлым халықтың көп бөлігінің денсаулығы мықты, әл-ауқаты зор деңгейде болуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Пандемияға орай эпидемиолог, инфекционист, реаниматолог, пульмонолог, кардиолог сияқты сирек мамандарды даярлау мәселесі өткір қойылып отыр. Сол себепті үкіметке медицина мекемелерін кадрлармен қамтамасыз етуге арналған ұзақ мерзімді болжам әзірлеу тапсырылды. Бүгінде елімізде барлығы 274 мың дәрігер мен санитарлық-эпидемиологиялық сала қызметкері бар. Солардың жалақысын кезек-кезеңімен көтеру үшін республикалық бюджет есебінен 2021-2023 жылдарға 1,1 трлн теңгеге жуық қаражат қарастырылатын болды. Биылғы Жолдауда көптің көңіліне қонған осындай жағымды жаңалықтар халық саулығына қызмет ететін сала мен оның қызметкерлері үшін қайырлы болып, жүйе жұмысын жақсартуға жаңа серпін береді деген ел сенімі мол.



## АУЛА КЛУБТАРЫНА 2,5 МЫҢ БАЛА БАРАДЫ

«Астана жастары» жастар ресурстық орталығының аула клубтарында балалардың қызығушылығын тудыратын жаңа спорт секциялары ашылуда.

Клубтарда 20-ға жуық үйірме жұмыс істейді. Жекпе-жек түрлері, еркін күрес, каратэ, жауынгерлік самбо, әскери қоян-қолтық ұрыс, дзюдо секцияларына басымдық берілген. Аралас жекпе-жек ММА секциясын ашу да жоспарланып отыр. Сабақтар ашық ауада, санитарлық талаптарды сақтай отырып өткізіледі. Бұл сабақтар әсіресе пандемия кезінде сұранысқа ие болды.

Аулаларда воркаут-аңғандардың ашылуымен бұл бағытты одан әрі дамыту жоспарлануда. Балаларға арналған би үйірмелері де бар. Заманауи би топтары құрылуда. Барлық сабақтар кезінде санитарлық қауіпсіздік ережелері қатаң сақталады.

Жалпы, бүгінде Нұр-Сұлтанда 21 аула клубы бар. Оларда 2500 бала спорт және өнер үйірмелеріне қатысады. 133 түрлі саладағы

жаттықтырушылар мен оқытушылар сабақ береді. Биылдан бастап орталық аула клубтарын дамытудың 2023 жылға дейінгі жаңа тұжырымдамасын іске асыруда. Оның басты міндеті – заманауи бағыттағы үйірмелер ашу. Егер қазіргі кезде аула клубтары тәрбиеленушілерінің дені 14 жасқа дейінгі балалар болса, болашақта ересек балаларға арналған топтар құру да жоспарланып отыр.

## ОҚУШЫЛАР САҚТАНУДЫ ҮЙРЕНЕДІ

Елордалық оқушылар COVID-19 індетінің алдын алу шараларын үйреніп жүр. Елордалық мектептерде мейірбикелер бастауыш сынып оқушыларынан КВИ-дан сақтану жолдарын үйретуде ойын түрін қолданып келеді.



Мектеп медицинасы жөнінде координатор Виктория Виниченконың айтуынша, мұндай шаралар балалардың жағымды эмоциялар алуына, сабақ алдында көңіл күйдің көтеріңкі болуына, санитарлық шараларды сақтау және игеруге өз септігін тигізеді.

– Біз жаттығу сабақтарын ойын түрінде өткізуді шештік. Мейірбикелер оқушыларды мектептің кіреберісінің алдында қарсы алады. Балаларға қолайлы жағдай жасау үшін мектептер ауласы түрлі-түсті безендірілген. Кіреберіс алдында арақашықтықты сақтау белгілері орнатылды. Осылайша балаларға әлеуметтік арақашықтықты қалай сақтау керек екенін көрсетеміз. Мұның бәрі балалардың санитарлық

нормаларды сақтау қажеттігін ұмытпауы үшін жасалады, – дейді Виктория Виниченко.

Сыныпқа кірмес бұрын оқушылар дезинфекциялық құралдармен қолдарын жуады. Антисептиктер еденнен 50 см деңгейде орнатылған. Сыныпта балалар үшін мейірбике қолды дұрыс жуу, масканы кию және шешу техникасын көрсетеді. Жаңа оқу жылынан бастап 28,5 мыңнан астам бастауыш сынып оқушылары вирустық инфекциялардың таралуын болдырмау бойынша оқу жаттығуларынан өтті. Бүгінде барлық білім беру мекемелерінде карантиндік шаралардың сақталуы туралы ақпарат материалдары, яғни журу, бетперде кию және қол жуу ережелері бар.

© Бетті дайындаған Гүлжан АБАЙҚЫЗЫ

## ЖАҢАРУҒА ЖЕТЕЛЕЙТІН ЖОЛ

Білім мен ақпарат үстемдік құрған қоғамда білім беру жүйесі инновациялық экономиканың негізгі бөлігі болатыны анық. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Нұр-Сұлтан қалалық филиалы ел мұғалімдерімен бірлесіп, келешек ұрпақты оқытудың тиімділігін арттыру, жаңартылған білім реформасы осы мүмкіндіктерді қамти алды ма деген сауал төңірегінде пікірталас ұйымдастырды. Осы орайда Нұр-Сұлтан қалалық №67 гимназия директоры Гүлжанат АБДРАМАНОВАМЕН болған сұхбатты ұсынамыз.

– Гүлжанат Асанқызы, жаңартылған білім мазмұны бойынша білім беріп келесіздер, қандай артықшылығын немесе кемшілігін айтар едіңіз?

– Білім беру жүйесіндегі өзгерістің басты ерекшелігі – жаңартылған білім беру мазмұнында оқу бағдарламалары, оқу жоспары, бағалау жүйесіне арналған негізгі құжаттар жасалды. Оқу бағдарламасына сәйкес оқулықтар жасалып, шығарылды және мектеп тәжірибесінде қолданысқа енгізілді. Қазіргі уақытта жаңартылған білім беру мазмұнына барлық сыныптар көшті. Басталған 2020-2021 оқу жылында 11-сыныптар да осы жаңартылған білім беру мазмұнындағы оқулықтармен білім алуды бастады. Әрине, қандай эксперименттің болмасын тәжірибе кезеңінде мықты және әлсіз тұстары анықталып, жақсарту үшін қайта түзетулер енгізіліп, өңделіп отырады. Сондықтан оқулықтар мазмұны әлі де сыналғып келеді. Қазірдің өзінде бұл мәселе қоғамның жіті назарында. Дегенмен әлемдегі өзгеріс бір бағытта ғана болмайтынын ескерсек, білім беру жүйесіндегі бұл өзгеріс дәл уақытында жүріп жатқан, дер кезінде қолға алынған дер едім. Мектептің білім берудегі негізгі

мақсаттың бірі – функционалдық сауаттылықты дамыту, бұл орайда оқушыларымыз құндылыққа негізделген білімді меңгеру керек, білімін өмірде қолдануды үйрену маңызды екенін түсінуі керек. Қазір – білімге тереңірек көңіл бөліп, болашаққа айқын қарайтын кезең. Сондықтан жаңа білім беру мазмұны аясындағы оқу бағдарламаларының да негізгі талабы құндылыққа негізделген біліммен қарулануды.

– Жаңарту және критериялды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан мұғалімдер өз шеберліктерін көрсетіп жүр ме?

– Әрине, білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы тағы бір ерекшелік – критериялды бағалау жүйесі енгізілді. Бұл да әрбір оқушының оқудағы жетістігін бағалау үшін үлкен мүмкіндікті көрсетеді. Бұрын оқушы білімі күнделікті сабақта «5», «4», «3» деген бағамен бағаланса, қазір оқушы өз білімін дамыту, жетілдіру үшін қалыптастырушы бағалау арқылы кері байланыс алады. Мұның маңыздылығы оқушы сабақта өзінің біліміне өзі жауаптылықпен қарап, оқуын жақсартуға еркін жұмыс жасайды. Қорқыныш, сенімсіздік азаяды. Қазір мектеп мұғалімдері бұл жүйені толықтай меңгерді, барынша жиынтық бағалауға дейін оқушының дамуына

қолайлы ортасын, қажетті қолдауды жасап отырады. Жиынтық бағалауға жақсылап дайындалған оқушы ешбір кедергісіз өз білімін көрсете алады. Мұғалімдер қазіргі уақытта оқушыларға тиімді кері байланыс ұсынып, ата-аналар да сол балаға берілетін кері байланысты асыға күтеді. Әрине, барлық сапалы жұмыстың нәтижесі еңбекпен келеді, сондықтан мұғалімдер кәсіби шеберліктерін шыңдап, курстардан өтіп, біліктіліктерін арттырып, үнемі кәсіби дамуда, үздіксіз іздену үстінде. Мектепте әріптестерге кәсіби қолдау көрсетуде мектеп тренерлері, коучтар, тәлімгерлер жоспарлы жұмысын жасайды.

– Білім жетілдіру курстары немесе жаңа мазмұндағы бағдарлама бойынша оқу ұстаздарға тиімді болды ма?

– Ахмет атамның «Қоғамда өзгерісті қаласаң, ол үшін өзіңнен баста» дегені – өте дұрыс айтылған пікір. Неге десеніз, қазір кез келген мұғалім ғана емес, қоғамның өзі де өзгеріссіз қалу қауіпті екенін түсінді. Ақпарат толқыны жылдам өзгеруде, көз ілеспес жайттар, жаңалықтар шығып жатыр. Бұлардың барлығына төтеп беру үшін білім мен ғылымды терең меңгеру керек, үйрену қажет. Мектептегі өзгерісті



жасайтын басты тұлға – ол мұғалім. Бі. Алтынсарин атамның «Мұғалім – мектептің жаны» десе, Ж. Аймауытов «Сабақ беру жай үйреншікті әдіс емес, ол – жаңадан жаңаны тудыру» деген екен. Ендеше мұғалімнің үздіксіз дамуы сапалы білімнің кілті секілді. Тәжірибесін үнемі жаңартып, дамытып, жетілдіріп отыру керек. Мұғалімдер жаңартылған білім беру мазмұнында пән бойынша курстардан өтіп, білімдерін тәжірибеге қолданып жатыр. Әрине, алған білімді қолдану кезінде қиындықтар да кездеседі, оқыған курстағы білімдері даму үшін тәжірибе де көмекші болады, сондықтан да мұғалім оқытуда сапалы білім беру үшін ең тиімді тәсілді жасай алады.

– Жаңартылған білім беру аясында инновациялық қадамдар қажет дейді. Көп эксперименттер жасалынып жатқан жоқ па?

– Жаңартылған білім беру мазмұны аясындағы курстардан мектеп мұғалімдері оқытудың

белсенді тәсілдерімен қатар қалай оқу керек, қалай оқыту керек деген сұрақтардың әдістерін меңгеріп келді. Бұл – өте қажетті әдістеме. Оқушыны сыни ойлауға, тілдік дағдыларды тереңірек меңгеруге үйрету, жас ерекшеліктеріне қарай қалай оқу керектігін үйлестіру, оқу жетістігіне қарай дамуға қолдау көрсету, оқушының өзіндік ізденісіне, танымдық біліміне достарының, өзінің, мұғалімнің кері байланыс жасап, ілгерілеуге мүмкіндік жасауы оқу мен оқытуды жақсартудың ең тиімді жолы десек болады. Сондықтан бұл жерде әрбір жасалған қадамның түбінде тереңдетілген білім беру қағидаты қарастырылған. Оқушының өз біліміне деген құрмет, жауаптылық, сенімділік, жасампаздық жатыр емес пе, ендеше құндылыққа негізделген білім дегеніміз – осы. Кез келген сапалы жұмыс белсенді эксперименттің, сараланған стратегиялардың, зерттеуге негізделген тәжірибенің нәтижесінде шығады.







Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2020 жылғы 2 қыркүйек

## Қазақстанда микрокредиттеу нарығының 1079 ойыншысы тіркелді

Бұл туралы ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту Агенттігінің Төрағасы Мәдина Әбілқасымова Үкіметтің 2 қыркүйектегі отырысында хабарлады.

Оның айтуынша, Агенттік ағымдағы жылғы 3 шілдеде 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап микроқаржылық қызметті міндетті лицензиялауды көздейтін заңнамалық түзетулерді қабылдады. Осы күннен бастап микроқаржы ұйымдары, кредиттік серіктестіктер және ломбардтар қарызды Агенттіктің лицензиясы болған жағдайда ғана бере алады.

Мемлекет басшысы 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында кредиттік ұйымдардың жауапкершілігін арттыру бөлігінде, сондай-ақ кредиттер бойынша шекті мөлшерлемелерді саралау және төмендету бойынша қосымша реттеу шараларын қабылдауды тапсырды.

Бұдан басқа қоғамда үлкен резонанс тудырған қаржы (инвестициялық) пирамидаларын құрумен байланысты оқиғалардан кейін Мемлекет басшысы Агенттікке ҚР Бас прокуратурасымен бірлесіп халыққа тұтынушылық кредиттер беретін ұйымдардың қызметін кең көлемде тексеруді тапсырды.

Президенттің тапсырмасын орындау мақсатында Агенттік 2020 жылғы наурыз – 31 тамыз аралығындағы кезеңде ҚР Бас прокуратурасымен, ҚР қаржы және ішкі істер министрліктерімен бірлесіп кредиттеу субъектілерін қаржы пирамидасының, алаяқтықтың және заңсыз банк қызметінің белгілеріне сәйкес келуі тұрғысынан кең көлемде тексерді. 1 348 банктік емес ұйымға тексеру жүргізілді. 144

ұйымға қатысты 162 млн теңгеге айыппұл салынып, 122 жазбаша ұйғарым шығарылды.

2020 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша Агенттікте 3,1 мың микрокредиттеу субъектісінен 227 микроқаржы ұйымы, 202 кредиттік серіктестік және 650 ломбард есептік тіркеуден өтті. Микрокредиттеудің қалған субъектілері жұмыс істемейді немесе олардың капиталы жоқ және олар қызметін тоқтатуды жоспарлап отыр.

Бұл ретте, 2020 жылғы 1 шілдеден бастап есептік тіркеуден өтпеген микроқаржы ұйымдары, ломбардтар және кредиттік серіктестіктер үшін микрокредиттер беруге тыйым салынды.

2020 жылғы 1 қыркүйектен бастап есептік тіркеуден өтпеген компанияларға қатысты Агенттік оларды мәжбүрлеп тарату туралы сотқа талап арыздар беретін болады.

2023 жылға дейін кезең-кезеңімен ұлғайта отырып жарғылық және меншікті капиталдың мынадай ең төмен мөлшерлері белгіленді – ломбардтар үшін 70 млн теңгеге дейін, кредиттік серіктестіктер үшін 50 млн теңгеге дейін және микроқаржы ұйымдары үшін 100 млн теңгеге дейін.

Агенттік қатаң біліктілік талаптарын талап етеді, оның ішінде басшы қызметкерлер мен қатысушыларға мінсіз іскерлік бедел және соттылығының болмауы сияқты талаптар күшейтілді.

Бұған қосымша, олардың үй-жайларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және техникалық нығайтылуына қойылатын талаптар күшейтілді, бұл ломбардтарға салынған заттардың сақталуына, сондай-ақ заңсыз алынған заттар-

дың айналысына қатысты іс-қимыл жасауға мүмкіндік береді.

М. Әбілқасымованың айтуынша, «қаржы реттеушісінің міндеті – МҚҰ нарығын тазарту, олардың қызметін барынша ашық жасау. Біз микрокредиттеу секторын тұрақтандыру, халықтың борыш жүктемесінің бақылауға келмейтіндей өсуіне жол бермеу, сондай-ақ нарыққа қатысушылардың өз міндеттемелерін адал орындауы үшін жауапкершілігін арттыру шараларын қабылдадық».

Қаржы ұйымдары азаматтар мен халықтың құқықтарын бұзған жағдайда, зардап шегушілер көмек алу үшін Агенттікке жүгіне алады. Қаржы реттеушісі шағымдарды қабылдайды және қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтары бұзылған әрбір жағдай бойынша тексеру жүргізеді. Жеделден қою үшін Агенттікте жедел желі ашылды, ол арқылы халыққа консультация беріледі және проблемалық мәселелер жеке тәртіппен шешіледі. Агенттіктің жедел желісі іске қосылған сәттен бастап 22 мыңнан астам азаматқа түсініктеме берілді.

**БАҚ өкілдері толық ақпаратты мына телефон арқылы алуларына болады:**  
+7 (727) 2 788 104, ішкі 5602  
e-mail: PRESS@finreg.kz  
www.finreg.kz

**Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша мына жедел желі телефондарына хабарласыңыздар:**  
+7 (727) 2788 144 және  
+7 (727) 2788 122

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2020 жылғы 2 қыркүйек

## Қаржы нарығының реттеушісі пандемия кезеңінде шағын және орта бизнеске қолдау көрсету шаралары туралы хабарлады

Мемлекет басшысының 1 қыркүйекте Қазақстан халқына Жолдауында берілген тапсырмаларына сәйкес, Қаржы нарығын реттеу және дамыту Агенттігі қосымша жұмыс жүргізетін болады. Бұл туралы Агенттік басшысы Мәдина Әбілқасымова Үкімет отырысында хабарлады. Осылайша, Мемлекет басшысы экономиканың зардап шеккен секторларында ШОБ-тың барлық қолданыстағы кредиттері бойынша пайыздық мөлшерлемелерді жылдық 6%-ға дейін мемлекеттік субсидиялауды қамтамасыз ететін болады. Субсидиялау ТЖ режимі жарияланған сәттен бастап, яғни ағымдағы жылғы 16 наурыздан бастап 12 ай кезеңге берілетін болады. Бүгінгі күні ШОБ субъектілерінің кредиттері бойынша орташа мөлшерлеме шамамен 15%-ды құрайды, қарыз алушыларды көбірек қамтуды қамтамасыз ету үшін субсидияланатын кредиттер бойынша ең жоғары мөлшерлемені кемінде 20% мөлшерінде белгілеу ұсынылады. Бұл ретте субсидиялау мөлшерлемесі орташа есеппен 9%-ға дейін болады. Іс-қимылдың нақты тетігі пысықталуда.

Коронавирус пандемиясы аясында іскерлік белсенділіктің бәсеңдеуі жағдайында Агенттік қазақстандық бизнеске кредит берудің төмендеуіне жол бермеу үшін банктік ерекеше пруденциальдық реттеудің уақытша шараларын қабылдады. Атап айтқанда, капитал мен өтімділікті есептеуге қойылатын талаптар уақытша бәсеңдетілді, бұл капиталдың бір бөлігі мен өтімділікті босату арқылы банктің іскерлік белсенділігін ынталандырады. Осы шараның нәтижесінде банктер капиталының қосымша босатылуы 468 млрд теңгеге бағаланып отыр, ал 1,767 трлн теңгеге ЕДБ өтімділігіне қысымның төмендеуі күтіледі.

Сонымен бірге ҚР Ұлттық Банкі Агенттікпен бірлесіп басым жобаларды кредиттеу үшін «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасын іске асыруда. Оның бюджеті 600 млрд теңгеден 1 трлн теңгеге дейін ұлғайтылды. Осы бағдарлама аясында салаларды қамту кеңейтілді, кредиттер жылдық 6% мөлшерлеменен беріледі. Банктік қарыз бойынша сыйақының номиналды мөлшерлемесінен 9%-ға дейін субсидиялау көзделген. Кепіл мүлкінің жетіспеуінің бөлігіне кредитті кепілдендіру құралы енгізілді. Бүгінгі күні жалпы сомасы 267 млрд теңгеге 536 қарыз берілді.

Бірлесіп экономиканың зардап шеккен секторларында ШОБ-тың барлық қолданыстағы кредиттері бойынша пайыздық мөлшерлемелерді жылдық 6%-ға дейін мемлекеттік субсидиялауды қамтамасыз ететін болады. Субсидиялау ТЖ режимі жарияланған сәттен бастап, яғни ағымдағы жылғы 16 наурыздан бастап 12 ай кезеңге берілетін болады. Бүгінгі күні ШОБ субъектілерінің кредиттері бойынша орташа мөлшерлеме шамамен 15%-ды құрайды, қарыз алушыларды көбірек қамтуды қамтамасыз ету үшін субсидияланатын кредиттер бойынша ең жоғары мөлшерлемені кемінде 20% мөлшерінде белгілеу ұсынылады. Бұл ретте субсидиялау мөлшерлемесі орташа есеппен 9%-ға дейін болады. Іс-қимылдың нақты тетігі пысықталуда.

Коронавирус пандемиясы аясында іскерлік белсенділіктің бәсеңдеуі жағдайында Агенттік қазақстандық бизнеске кредит берудің төмендеуіне жол бермеу үшін банктік ерекеше пруденциальдық реттеудің уақытша шараларын қабылдады. Атап айтқанда, капитал мен өтімділікті есептеуге қойылатын талаптар уақытша бәсеңдетілді, бұл капиталдың бір бөлігі мен өтімділікті босату арқылы банктің іскерлік белсенділігін ынталандырады. Осы шараның нәтижесінде банктер капиталының қосымша босатылуы 468 млрд теңгеге бағаланып отыр, ал 1,767 трлн теңгеге ЕДБ өтімділігіне қысымның төмендеуі күтіледі.

Сонымен бірге ҚР Ұлттық Банкі Агенттікпен бірлесіп басым жобаларды кредиттеу үшін «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасын іске асыруда. Оның бюджеті 600 млрд теңгеден 1 трлн теңгеге дейін ұлғайтылды. Осы бағдарлама аясында салаларды қамту кеңейтілді, кредиттер жылдық 6% мөлшерлеменен беріледі. Банктік қарыз бойынша сыйақының номиналды мөлшерлемесінен 9%-ға дейін субсидиялау көзделген. Кепіл мүлкінің жетіспеуінің бөлігіне кредитті кепілдендіру құралы енгізілді. Бүгінгі күні жалпы сомасы 267 млрд теңгеге 536 қарыз берілді.

**БАҚ өкілдері толық ақпаратты мына телефон арқылы алуларына болады:** +7 (727) 2 788 104, ішкі 5602  
e-mail: PRESS@finreg.kz  
www.finreg.kz

**Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша мына жедел желі телефондарына хабарласыңыздар:**  
+7 (727) 2788 144 және  
+7 (727) 2788 122

## КӘСІПКЕРЛЕРГЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ СТАНДАРТЫ

Еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, яғни өсімдіктерді карантиндік объектілерден (зиянкестер, аурулар, арамшөптер т.б.) қорғау өсімдіктер карантині бойынша мемлекеттік инспекторлардың басты міндеті болып табылады. Отандық өсімдік тектес өнімдерін өндіруші кәсіпкерлердің өнімдері шетел нарығында еш кедергісіз өтуі және сұраныста болуы импорттаушы елдің фитосанитариялық талаптары толық сақталған жағдайда іске асады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бойынша өнімдерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 29 мамырдағы № 4-4/500 бұйрығы бойынша баламалы түрде ЭІКК (электронды цифрлық қолтаңба) арқылы «электрондық үкіметтің» [www.egov.kz](http://www.egov.kz), [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) веб-порталы (бұдан әрі – портал) және көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады.

«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрілігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік

инспекция комитетінің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша аумақтық инспекциясы» ММ төрт мемлекеттік қызмет көрсетеді:

– «Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасының аумағында тасуға карантиндік сертификат беру»;

– «Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасының тыс жерлерге әкетуге фитосанитариялық сертификат беру»;

– «Ғылыми-зерттеу мақсатында карантиндік объектілерді (карантиндік зиянды организмдерді) әкелуді келісу»;

– «Астық пен оның өңделген өнімдерін карантиндік арамшөп өсімдіктерінің тұқымдары мен жемістерін тіршілік ету қабілетінен айыруды қамтамасыз ететін технологиялар бойынша өңдеу және (немесе) сүректі қаптама материалын залалсыздандыру мен таңбалауды жүзеге асыратын объектілерге есепке алу нөмірін беру».

Көрсетілетін қызметті алушыларға [www.egov.kz](http://www.egov.kz), [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) «электронды үкімет» веб-порталда (әрі қарай – портал) немесе ведомствалық уәкілетті органдардың аумақтық бөлімшелерде мемлекеттік қызмет алу үшін келесі құжаттар қажет:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін

қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім;

2) жеке басын куәландыратын құжат және көрсетілетін қызметті алушының өкілдігіне өкілеттілігін куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі) ұсынады.

Порталға жүгінген кезде: осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім.

Инспекция карантинге жатқызылған өнімдерді тасымалдау кезінде қызмет алушылардың уақытын үнемдеу мақсатында мемлекеттік қызмет алуға өтінімді электронды түрде беруге кеңес береді.

Өсімдіктер карантині бойынша туындаған сұрақтарға толық ақпарат алу үшін мына мекен-жайға жүгінуіңізге болады: Нұр-Сұлтан қаласы, Бөгенбай батыр даңғылы 6А, тел/факс: +7 (7172) 238-354, эл. мекен-жай: [fitokontrol.ast@minagri.gov.kz](mailto:fitokontrol.ast@minagri.gov.kz), [ti\\_kgi\\_astana@minagri.gov.kz](mailto:ti_kgi_astana@minagri.gov.kz) (өсімдіктер карантині және қорғау және фитосанитариялық бақылау бекеттері жөніндегі мемлекеттік инспекция бөлімі).

**М.АЛИЕВ,**  
**Нұр-Сұлтан қаласы бойынша аумақтық инспекция басшысы**

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Астана өңірлік филиалы 2020 жылғы 18 қыркүйек күні сағат 10.00-де Нұр-Сұлтан қаласы, Достық, 9 мекенжайында орналасқан «Керуен» сауда орталығының ішінде ЖСО 8 үй жайларын қайта орналастыру бойынша ашық тендер өткізетін хабарлайды.

Тендерлік құжаттама пакеттерін 2020 жылғы 17 қыркүйегіне дейінгі мерзімді қоса алғанда, Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17 үй, 501 бөлме, әкімшілік-шаруашылық бөлімінен, сағат 09.00-ден 17.00-ге дейін (жұмыс күндері) алуға болады.

Тендерлік өтінімдер салынған конверттер тендерлік өтінімдер берген барлық келген әлеуетті мердігерлердің қатысуымен мына мекенжай бойынша ашылады: Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы 8-(7172) 59-19-59; 59-14-38 телефондары арқылы алуға болады

«Астана қалалық жарық» ЖШС, БСН 030740001503, жарғылық капиталының 33 164 423,41 теңгеге төмендегені туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күнінен бастап бір ай ішінде ҚР, Нұр-Сұлтан Қ., Байқоңыр ауданы, Иманов к-сі, 13, «Нұрсәулет» БО мекенжайы бойынша қабылданады.

Еуразия гуманитарлық институтының ұжымы «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 3-курс студенті **Әлі Жансая Айдынғалиқызының** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты ата-анасына, туған-туысқандарына қатты қайғыра көңіл айтады.

## ОТАНДЫҚ ӨНІМДЕР АҚШ-ТА КӨРСЕТІЛЕДІ

Алдағы уақытта «Balapan» арнасының 5 анимациялық жобасы АҚШ-та кабельдік арналар, ал Латын Америкасы елдерінде VOD және онлайн-каналдар арқылы көрсетіледі. Бұл туралы «Balapan» телеарнасының директоры Мақпал Жұмабай әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

– Енді «Тынымсыз шөжелер», «Сәби», «Еркелер», «Шахмат патшалығы», «Пырақтар» жобаларын аталған елдерде ағылшын, испан және португал тілдерінде көру мүмкіндігі бар. Келісімшарт АҚШ-тың желілік және спутниктік хабар тарату қызметін жүзеге асыратын «Olympusat» компаниясымен жа-

салды. Сонымен қатар «Balapan»-ның анимациялық жобалары Ресейдегі №1 онлайн-кинотеатр саналатын IVI.RU платформасына жүктеледі. «Күлкі іздеген Күнекей», «Сәби», «Еркелер» мультсериалдарын аталған платформадан тамашалауға болады. Айта кету керек, IVI.RU платформасының контенті бір

айда 50 миллионға жуық қаралым жинайды.

Бұл – арна мен еліміздегі анимация тарихындағы айтулы оқиға. Арнаның барша көрермендерін осынау маңызды да ірі жетістікпен құттықтаймыз, – деген «Balapan» телеарнасының директоры.



© Бетті дайындаған Азамат ЕСЕНЖОЛ



## «NUR ALEM» ШАҚЫРАДЫ

7 қыркүйекте елорданың әсем жерлерінің бірі - NUR ALEM музейі елорда тұрғындары мен қонақтарына есігін ашып, жұмыс күндері сағат 10.00-ден 20.00-ге дейін үзіліссіз істейді.

Алайда адамдар коронавирус инфекциясы таралмас үшін санитарлық талаптарды ұстануы қажет. Келушілер медициналық маска киіп, әлеуметтік қашықтықты сақтауы керек. Мұражайға кірген кезде келушілердің дене қызуы арнайы құрылғымен өлшенеді, сонымен қатар ғимаратта антисептик пен санитайзер орнатылған.

Музейге келушілерді сфера пішінді бірегей ғимараттың сегіз қабаты бойынша қызықты экскурсиялар күтеді. Сондай-ақ барлық қабаттарда робот-гидтер жұмыс істейді.

Айта кетейік, мұражайға бір рет кіру билетінің бағасы – 1500 теңге. ҚР азаматтарының белгілі бір санаттары үшін жеңілдіктер қарастырылған: оқушылар мен зейнеткерлер үшін билет құны – 500 теңге, студенттер үшін – 800 теңге. ҰОС ардагерлері, барлық топтағы мүгедектер, жетім балалар, көпбалалы аналар және 6 жасқа дейінгі балалар музейге тегін кіреді.

### БІР СУРЕТТІҢ СЫРЫ

## «АЙБОЗЫМ, АЙХОЙ БОЗЫМ, ДАҢҒЫЛ БОЗЫМ»

Қазақ ән өнерінің бір биігіне айналған Біржан салдың ию-қиюы мол өмір базарынан қайтып, сырқаты мөңдеп, жаны күйзелгенде шығарған, сырлы сөзі мен сазы үйлескен «Айбозым» әнін жұртшылық жақсы біледі. Бұл әнді алғаш сахнада орындап, тыңдарманымен табыстырған, дүлдүл әнші, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты – Қайрат Байбосынов. Біз бүгінгі әңгімемізде бір кездері ұмыт бола бастаған осы туындының қайта жарыққа шығуына себеі тиген бір оқиғаны баяндамақпыз. Оған белгілі ақын, қаламы жорға журналист Қорғанбек Аманжолдың құнды жәдігер деп айтуға тұратын бір суреті себеп болды.

– 1981жылы біздің Көкшетауға талантты композитор, өнертанушы, Ілия Жақанов ат басын бұрды. Оның себебі, алдағы 1982 жылы Біржан сал бабамыздың 150 жылдығы республика көлемінде тойланатын болып, соған орай Үкіметтің қаулысы шықты, – деп бастады сөзін ақын.

– Ілия ағамды сыртынан жақсы білем, әндерін сүйіп тыңдаймын. Сондай қадірлі кісінің Көкшетауға келуі кәдімгідей бір оқиғаға айналды. Ағамыз ол кезде Қазақ радиосының музыкалық редакциясын басқарады. Мен облыстық газеттің мәдениет, әдебиет бөлімінің меңгерушісімін. Басылым редакторы, жазушы Жанайдар Мусин мені Ілекеңнің қасына қосып берді. Сөйтіп, Ілия аға екеуіміз даңқты бабамыз туған ауылға тартып кеттік. Ол кезде Еңбекшілдер ауданы еді, қазір Біржан салдың атымен аталады.

Өзім осы сапар барысында көп нәрсеге көзім жетіп, қаныға түстім. Көкшенің баурайында өсіп, сонда тұрғаныммен Біржан салға байланысты біраз дүниені біле бермейді екенбіз. Ілекең Алматыдан сапарының жоспары мен бағытын, әңгімелесетін адамдарын нақты белгілеп, дәлдеп шығыпты.

Сол жылы Еңбекшілдер ауданындағы Жөкей көлдің жиегіндегі Казгородок деген ауылда Шәймұқан Омаров деген ақсақал тұрды. Ол кісіге бізді Болат Бекенов деген мектеп директоры болып істейтін, зиялы азамат ертіп апарды. Бұл Болат, 37-ші жылы ұсталып, жазықсыз атылып кеткен, қазақтың бір аяулы перзенті, жазушы Елжас Бекеновтың ұлы. Содан Шәймұқан ақсақалдың үйіне келдік. Сол кезде ол кісінің жасы жетпісті жағалап қалса да санасы сергек, жадысы мықты. Қария бізді құрақ ұша қарсы алып, Біржан сал



туралы арғы-бергі үлкендерден естіген әңгімелері мен әндері жайында салықалы сөз өрбітті. Әңгіме үстінде ол кісі «Айбозым» әнін есіне түсіріп, ақырын ыңылдап отырып, айтып берді. Ілекең үлкен олжаға кенелгеніне қуанып, әнді магнитофонына жазып алды.

Содан Ілия ағамыз қариядан «Айбозым» әні қалай шықты, оны кімдер орындады – барлығын суыртпақтап, егжей-тегжейлі сұрады. Шын мәнінде, бұған дейін Біржан салдың «Айбозым» деген әні бар екенін ешкім білген жоқ. Кезінде тұғырлы тұлға туралы құнды мәліметтер берген Қарта, Есім Байболов деген қарияларда ешқандай дерек келтірмеген. Ал Ілекең оны қайдан білді дегенде, осы әнді Шәймұқан қарттан он шақты жыл бұрын көкшетаулық журналист Әуез Өттев жазып алған. Сол әннің таспасын Әбілғазы Боқанов деген бір зиялы жан, кейінірек Қазақ радиосының музыка редакциясының бас редакторы Ілия

Жақановқа әкеп береді. Бірақ әннің таспаға жазылу сапасы нашар болғандықтан, Ілия ағамыздың Шәймұқан ақсақалға әдейі келуінің бір себебі осы екен.

Шәймұқан қария бұл әнді Біржан салдың жанында жүрген Оспан деген әншінің қызы Кәтуден үйренген. Оспанның өзі ақсары, қағылез, жұқа кісі болғанымен, ән айтқанда дауысының зорлығы сол, үйдің төбе тақтайын тіліп жібере жаздайды екен. Қызы Кәту де әкесі секілді ғажайып әнші болған, бірақ ерте тұрмысқа шығып, жастай өмірден өтеді.

Алматыға келгеннен кейін Ілекең: «Айбозым, айхой бозым, даңғыл бозым» деп басталатын ән төресіне өзі қайырмасын жазып, Қайрат Байбосыновқа орындауға беріп, эфирге шығарып, әннің бағын жандырды. Сол сапар барысында Ілия ағам екеуіміз Шәймұқан ақсақалды ортаға алып фотоға түстік. Сол суреттің сыры осы, – деп сөзін тәмамдады Қорғанбек аға.